



ӘКІМШІЛІК РЕФОРМАНЫ ТИІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МАҢЫЗДЫ

Президент Астана мемлекеттік қызмет хабы Басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменовті қабылдады.

Кездесу барысында мемлекеттік қызмет саласындағы қазіргі үрдістер мен даму перспективалары талқыланды.

Президент Астана хабы мемлекеттік басқару жүйесін дамыту мәселелері бойынша сараптамалық тұрғыда маңызды колдау көрсетіп отырғанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту, билік

өкілеттіктерін орталықсыздандыру және мемлекеттік органдар қызметіне жобалық әдісті белсенді енгізу арқылы әкімшілік реформаны тиімді жүзеге асыру маңызды екенін айтты.

Сонымен қатар кездесуде қоғамды одан әрі ұйыстыру, атап айтқанда, заң мен тәртіпті сақтау, кәсібилік және еңбек аламының ролін арттыру секілді құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығы

қарастырылды.

Будан бөлек, Әлихан Байменов Президентке Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының жұмысы туралы мәлімет берді. Мемлекет басшысы ұлттық ойынмызды елімізде және шетелде одан әрі дәріптеу маңызды екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылы Қазақстанда өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын жоғары деңгейде ұйымдастыру қажеттігіне назар аударды.



САЙЛАУДАҒЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Мемлекет басшысы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевті Өзбекстан Республикасының Президенті сайлауындағы сенімді жеңісімен құттықтады. Мемлекет басшысы дауыс беру қорытындысы елді орнықты дамытуға, оның тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз етуге бағытталған Өзбекстан Президенті ұстанымының жалпыхалықтық колдауға ие болғанын айқын көрсетеді деп атап өтті.

Әңгімелесу барысында Президент қазақ-өзбек қатынастарын стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухында одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

Мемлекеттер басшылары бұған дейін жоғары деңгейде кол жеткізілген уағдаластықтарды нақты жүзеге асыру мәселелері жөнінде пікір алмасты және алдағы екіжақты іс-шаралар кестесін қарастырды.

Мәжіліс спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Түркістан облысындағы әлеуметтік нысандарды, кәсіпорындарды аралап, тұрғындармен партиялық жобалардың іске асырылу барысын талқылады. Палата спикері сапарын Сайрам ауданындағы сүт өнімдерін өндіретін кәсіпорын «АУКАН» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін аралаудан бастады. Мұнда «Ауыл аманаты» партиялық жобасына атсалысқан шаруа қожалықтары басшыларының қатысуымен бағдарламаның іске асырылу барысы талқыланды. Бұл жоба ауыл-аймақтағы кәсіпкерлікті қолдауға бағытталып отыр.

ПАРТИЯ ТӨРАҒАСЫ ТҮРКІСТАН ЖҮРТШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСТІ



«Ауыл аманаты» жобасы – ауыл азаматтары үшін табысын арттыруға зор мүмкіндік. Бұл әсіресе, тұрғындарының көбі ауылда тұратын Түркістан облысы сияқты халқы тығыз өңір үшін өзекті. Биыл осы бағдарлама бойынша бөлінетін барлық қаражаттың бестен бір бөлігі дәл осында бағытталады. Бұл – шамамен 20 миллиард теңге. 3,5 мыңға жуық адамға жана жұмыс орындары ашылады, – деді Ерлан Қошанов. Өңірде «Ауыл

аманаты» жобасын іске асыру қорытындысы бойынша оған қатысушылардың орташа айлық табысын 1,5 есе, сүт өнімдерін өндіруді 40,6 пайызға, етті 63,2 пайызға, жылыжай өнімдерін 30 пайызға ұлғайту жоспарланған. Жалпы, биыл жоба аясында еліміз бойынша 17 мың адамды қамту көзделіп отыр.

(Жалғасы 3-бетте)

ЕЛЕНА ЕЛДІ ҚУАНТТЫ



Ұлыбританияда өтіп жатқан теннистен Уимблдон-2023 турнирінің үшінші айналымында еліміздің бірінші ракеткасы Елена Рыбакина жеңіске жетті.

Былтырғы чемпион атағын қорғап жатқан қазақстандық спортшы қарсыласы Ұлыбританияның 1-ракеткасы Кэти Бултерден басым түсті, екі сет бойынша есеп: 6:1, 6:1. Бұл қос спортшының алғашқы кездесуі еді. К.Бултер өз елінде өнер көрсетіп жатқандықтан бұл матчта бар өнерін көрсететіні әрі жергілікті жанкүйерлердің оны жақтайтыны түсінікті болатын. Лондонда тағы да жанбыр жауғандықтан, орталық қоршағы матч уақытынан кешігіп басталды.

8»

ХАННЫҢ ҚҰРАНЫ – ХАЛЫҚТЫҢ МҰРАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында елдің рухын көтеретін керемет жаңалықпен бөлісіп, әйгілі Марал ишанның Кенесары ханға сыйлаған Құраны табылғанын жеткізді.



«Бұл – еліміздің рухани өміріндегі елеулі оқиға. Марал ишан барша қазаққа танымал адам болған. Ол – төл тарихымызда ерекше орны бар Кенесары ханның үзенгілес серігі. Бұл Құран екі ғасыр бойы қолдан-қолға өтіп, ақыры шетелге шығарылған екен. Оны жанашыр азаматтардың, меценаттардың көмегімен Қазақстанға қайтарып алдық.

6»

«АУРУ – АСТАН» БОЛМАСЫН ДЕСЕК...



3 БЕТ

АТЫРАУДЫҢ БРЕНДІ АЛЕМ НАРЫҒЫНДА



7 БЕТ

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕПКЕ» ЖАЙСЫЗ СӨЗДЕР ЕРМЕСЕ ЖӨН

Жемқорлықпен күрес ел бюджетін үнемдеуге салмақты үлес қоса бастады. Әзірге коррупционерлерден сот арқылы тартып алынған 120 миллиард теңге білім ордаларының құрылысына бағытталып жатыр. Сонымен бірге мемлекет мұнымен бірге мемлекет мұнымен шектелмей, сыбайлас жемқорлардан алынатын қаржы кем дегенде 300 миллиардқа жететініне үмітті сияқты.



4»



ТҮРҒЫНДАРДЫ ТОЛҒАНДЫРҒАН МӘСЕЛЕ КӨП

Аймақтағы ағайынның толғандырған мәселесі көп. Халықтың өтінішін тыңдап, айтарына құлақ тұру үшін депутаттардың аймақтарға жұмыс сапары жалғасып жатыр. Өткен аптадан бері шалғай ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайымен танысқан Мәжілістегі «АМАНАТ» партиясы фракциясының депутаттары аймақта атқарылып жатқан жобалардың жұмысын да көзбен көріп қайтты.

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Данабек Исабеков Шымкент қаласындағы Енбекші ауданындағы өндірістік мекемелерде еңбек ұжымымен кездесті.



Сапар барысында депутат алдымен «3-Энергоорталық» ұжымына барды.

Бұл орталық – қаланы жылумен қамтамасыз ететін негізгі мекеме. Кәсіпорын жылына орта есеппен 700 млн кВт*сағ электр қуатын өндіреді. Бүгінде мекемеде күрделі жөндеу жұмыстары басталған. Бас инженер Жансерік Ерботаевтың айтуынша, стансадағы қондырғылар кезең-кезеңімен жаңартылып, электр қуатын өндіру мен қаланы жылумен қамтамасыз ету жұмыстары кедергісіз жүргізілуде. Жалпы, Шымкент қаласы бойынша жылу маусымына дайындық жоспарлы жүзеге асырылуда десек болады. Кездесу барысында жалақы мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Одан кейін мәжілісмен «Бал-Текстиль» ЖШС, «Оңтүстік текстиль» бастауыш партия ұйымымен кездесіп, «Гаухар» тігін фабрикасына барды.

Депутаттың кездесуі «Ескек су спорт кешені» спортшыларымен жүздесумен жалғасын тапты. Бұдан соң «Көзі көрмейтін және нашар көретін» зағип жандармен және кітапхана ұжымымен кездесіп, «АМАНАТ» партиясының Сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатқан №65 мектептің қосымша ғимараты құрылысымен де танысып шықты. Айта кетейік, партияның сайлауалды бағдарламасына сәйкес, 2027 жылдың соңына дейін қала аумағында жанадан 2 индустриялық аймақ ашылып, 80 мың жана жұмыс орны құрылмақ.

Шымкент қаласы

АУЫЛДЫҢ МҰҢЫ – САПАЛЫ АУЫЗСУ

Облыс орталығынан шалғай жатқан Жуалы ауданының Қызтоған ауылына су тартылуда. Өңірге арнайы іссапармен келген Парламент Мәжілісінің депутаты Мұқаш Ескендіров Жуалы ауданының Қошқарата ауылдық округінде болып, бірқатар нысандарды аралады. Оның ішінде Қызтоған ауылындағы ауызсу жүйесін тарту жұмыстарымен танысып қайтты.



Бұл ауылға 30 жылдан астам таза ауызсу тартылмаған екен. Қазіргі өзекті мәселе «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасында қамтылып, құрылыс жұмысы басталды.

Ауызсу жүйесін тартуға облыстық бюджеттен 36 миллион 505 мың теңге қаражат бөлінді. Мәжілісмен халықтың әл-ауқат деңгейіне тікелей әсер ететін өзекті мәселеге баса назар аударып, мердігер компанияға құрылыстың сапасы басты назарда екенін айтты.

– Жамбыл облысына іссапарым аясында бірнеше нысандарды араладым. Оның ішінде партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының жергілікті жерлерде іске асырылуына барынша көңіл бөлінуде. Ең алдымен сапаға баса мән беру керек, – деді Мұқаш Зұлқарнайұлы. Оның барлығы аманаттықтардың жіті бақылауында. Бекітілген жоспарға сәйкес тұрақты мониторинг жүргізілуде.

Қошқарата ауылдық округінің әкімі Мейіржан Телеушовтың айтуынша, Қызтоған ауылы – шалғайда жатқанына қарамастан болашағы бар ауылдардың бірі. Мұнда мал басы да, оны жаятын жайылым да жеткілікті. Әрі табиғаты да ыңғайлы. Су тартылса, көшіп келушілердің қатары көбейетін еді. Соңғы бір айдың өзінде үш отбасы көшіп келген. Айта кетерлігі, партияның сайлауалды бағдарламасы аясында биыл Жуалы ауданына қарасты Әбдіқадыр, Тасбастау, Кәрікөрған Жаңаталап Ақтоған елді мекендеріне сапалы ауызсу беріледі.

Жамбыл облысы

АҚКӨЛДЕ АТҚАРЫЛАР ІС ЖЕТЕРЛІК

Кеше Мәжіліс депутаттары, «АМАНАТ» фракциясының мүшелері Айна Мысырәлімова мен Наталья Дементьева Ақмола өңіріне жұмыс сапарымен барып, «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында іске асып жатқан бірқатар нысанда болды.

Алдыңғы кезекте депутаттар Ақкөл қаласында медицина қызметкерлеріне арналған емдеу-сауықтыру орталығының құрылысы барысымен танысты. Оның құрылысына бюджеттен 4,5 млрд теңге бөлініп отыр. Халық қалаулыларының сауалына жауап берген мердігер компанияның өкілі құрылыстың кестеге сай жүргізіліп жатқанын және белгіленген мерзімде аяқталатынын атап өтті.

– Дәл қазіргі уақытта электр, телекоммуникация мен су желілері тартылып жатыр. Сонымен қатар емдеу корпусының, қонақ үй мен бассейннің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Құрылыс аяқталған соң орталықта 50 адамды жұмыспен қамту көзделуде, – деді құрылыс барысын таныстырған SENIM денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіподағы төрағасының кеңесшісі Дина Нүрпейісова.

Бұдан кейін Мәжіліс депутаттары Ақкөл қаласындағы №4 орта мектепте де болды. Қазір онда спорт зал мен асхана салынып жатыр. Сондай-ақ депутаттар емдеу-сауықтыру қонақүй кешеніне бас сұқты. Оның құрылысы биыл аяқталады деп жоспарланып отыр. Жоспар тиімді жүзеге асса, мамандар демалыс орталығы



астаналықтар мен іргелес жатқан аудан тұрғындары үшін жайлы демалыс орнына айналады деген сенімде.

Сондай-ақ Айна Мысырәлімова мен Наталья Дементьева 900 тұрғыны бар Домбыралы ауылындағы 16 шақырым су құбырын жөндеу жұмыстарымен танысты. Қазір 2,2 шақырым құбыр төселіп, 43 ұңғыма орналастырылған.

– Партияның қоғамдық қабылдауларына Домбыралы ауылындағы су құбырларын жөндеу бойынша талай арыз-шағым келіп түскен болатын. Сол үшін аудандық мәслихат жанындағы «АМАНАТ» фракциясының мүшелері ауыл тұрғындарын таза ауызсумен қамтамасыз ету мәселесін ерекше бақылауында ұстауы керек, – деді Айна Мысырәлімова.

Өңірдегі құрылыс алаңдарында жүріп жатқан жұмыстың жай-жапсарымен танысқан соң Мәжіліс депутаттары аудандық мәслихаттағы депутаттық фракция мүшелерімен «АМАНАТ» партиясы сайлауалды бағдарламасының Жол картасының орындалу барысын талқылап, азаматтарды қабылдады.

Ақмола облысы

СҮТ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫНДА ЖАҢА ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мәжіліс депутаттары, «АМАНАТ» фракциясының мүшелері – Ғалымжан Елеуов, Қазыбек Әлішев Ақтөбе облысына жұмыс сапары барысында «Айс плюс» ЖШС ұжымымен кездесіп, сүт өңдеу зауытының жаңғырту барысымен танысты.

«Айс плюс» компаниясы 1999 жылы Ақтөбе қалалық сүт зауыты негізінде құрылған болатын. Қызметінің негізгі бағыты – сүт, ашытылған сүт өнімдері мен балмұздақ өндірісі. Компания сенімді түрде дамып, қуаттылығын арттырып отыр. Қазір серіктестік «АМАНАТ» партиясының Жол картасы шеңберінде ауысымына 50 тонна сүт құю цехын құру бойынша инвестициялық жобаны іске асыруда. Цехты қайта құру және қойма құрылысы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілді. Қазір жабдықты іске қосу, жөндеу жұмыстары аяқталып келеді. Заманауи қаптамада жоғары сапалы стерильденген сүт өндіріледі.

Кездесуде Мәжіліс депутаттары кәсіпорын қызметкерлерін толғандыратын мәселелерді, сондай-ақ Парламентте қаралатын бірқатар заң бойынша олардың ұсыныстарын тыңдады. Әсіресе, ұжым ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу нарығын кеңейту



мәселесін шешуді және ішкі нарықты қорғау жөнінде шаралар қабылдауды сұрады. «Ауыл шаруашылығы саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Үкіметке мал шаруашылығын дамыту бойынша көптеген депутаттық сауал жолдалық. Қазір Аграрлық мәселелер жөніндегі комитетте «Органикалық өнім өндіру және оның айналымы туралы» және «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қаралып жатыр. Азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша жаңа заң жобасын екінші сессияда енгізу жоспарланып отыр», – деді Қазыбек Әлішев.

Ғалымжан Елеуовтың пікірінше, кездесуде айтылған тұрғындардың өтініштері бойынша Ембі-Алтынды тас жолының жай-күйі, Ақтөбенің Шилісай тұрғын алабындағы және Қандығаш, Ембі қалаларындағы мектеп құрылыстарын аяқтау мәселелері бақылауға алынды. Сондай-ақ Алға қалалық округіне қарасты Подхоз ауылындағы мектептің мәселесі де шешілуге тиіс.

– Өткен аптада әріптестерімізбен бірге аудандарды араладық. Ең алдымен денсаулық сақтау, агроөнеркәсіптік кешен, білім берудің барлық нысанын қамтуды, олардың мәселелерін білуді жоспарлап отырмыз. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша біз бірінші кезекте стратегиялық нысандар – жылу электр орталықтарын, АҚТӨБЕ SU-ENERGY GROUP акционерлік қоғамын аралап, жылыту маусымына дайындық барысымен таныстық, – деп толықтырды депутат.

Ақтөбе облысы

ТҮРҒЫН ҮЙ БАҒАСЫ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУҒА ТИІС

«АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі, депутат Максим Рожин Алматы облысына жұмыс сапары кезінде Gate City жобасының жүзеге асырылу барысымен танысты. Бұл – Алматы агломерациясын дамыту аясында салынып жатқан төрт спутник қаланың бірі.

G4 City жобасы Алматы облысында 2008 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Алматы-Қонаев тас жолының бойында жалпы ауданы 8 мың гектардан асатын 250 мың тұрғынға арналған Gate City, Golden City, Growing City, Green City орталықтарынан құралған заманауи аудан салынып жатыр. Бірінші спутник қала Gate City – тұрғын үй құрылысы мен индустриялық аймағы бар ірі бизнес және қаржы орталығы. Бас жоспар бойынша оның аумағы шамамен 2,4 мың гектарды құрайды. Сарапшылардың пікірінше, 2030 жылға қарай Gate City аумағында 90 мың адам



тұратын болады. Мұнда барлығы 74 тоғыз қабатты үй, 10 мектеп, 16 балабақша, 4 емхана бой көтереді. Мәжілісменнің сөзінше, спутник қалалардың коммуналдық инфрақұрылымына ерекше назар аудару қажет. Бұл ретте халықты сапалы ауызсумен, электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету мәселелері партиялықтардың ерекше бақылауында болуы тиіс екенін айтқан ол: «Жылумен жабдықтау нысандарының дайындығын да бақылау қажет», – деп отыр.

Сондай-ақ депутат тұрғын үй бағасы қолжетімді болуы қажет екенін айтты. Жоба бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезекте Gate City спутник қаланың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым нысандарын салу тұр. Қазір 86,5 шақырым магистралды желілері аяқталды. Электр қосалқы стансасы, автоматты газ тарату, магистралды су құбыры мен көріздік сорғы станциясы бар су тарту қондырғылары салынды. Ұзақмерзімді құрылыс нысандарының қатарында жоғары су жылыту қандығы мен «Алматы-Қонаев» тас жолының бойындағы көпір бар.

Алматы облысы

ПАРТИЯ ТӨРАҒАСЫ ТҮРКІСТАН ЖҮРТШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСТІ



«Қарызсыз қоғам» партиялық жобасы қатысушыларымен кездесу

(Басы 1-бетте)

Сондай-ақ партия Төрағасы «Қарызсыз қоғам» жобасына қатысушылармен кездесті. Айта кету керек, жоба қаржылық сауаттылықты арттырып, қаржыны дұрыс жұмсауға үйретеді. Мәжіліс Төрағасының айтуынша, қазір елімізде 7,5 млн адамның, яғни халықтың үштен бір бөлігінің банктен қарызы бар. Шамамен 1,5 миллион азамат несесін 90 немесе одан да көп күнге кешіктіріп төлеуде және банкроттық күй кешуде.

— Ондай адамдар қайда барып, кімнен көмек сұрайтынын да білмейді. Айналып келгенде, барлығы қаржылық сауатсыздыққа келіп тіреледі. Сондықтан «AMANAT» партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасын қолға алып отыр. Екі айда еліміздің бірқатар өңірінде 20 мыңнан астам адам оқытылды. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 80 мыңға жеткізіледі. Тренерлер халыққа қаржыны

дұрыс игеруді, отбасылық бюджетті жоспарлауды, несиеді дұрыс алуды үйретеді, — деді Мәжіліс Төрағасы. Осылай деген палата Спикері Президенттің саясаты мен «AMANAT» партиясының жобалары арқасында ауылдағы белсенді азаматтар үшін жаңа әрі үлкен мүмкіндіктерге жол ашылғанын атап өтті.

— Партияның жобалары халыққа заң шеңберінде қарыздан құтылуға, қаржылық сауаттылықты үйренуге, өз ісін жүргізу үшін мемлекеттен тиімді несие алуға көмектеседі. Сонымен қатар біраз ауыл шаруашылығы жерлері мемлекетке қайтарылып жатыр. Олар да халықтың игілігіне беріледі. Ендігі кезекте ең бастысы — белсенділік танытып, осы мүмкіндіктерді пайдалану. Біздің міндетіміз — халыққа балық емес, қармақ беру, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Қазығұрт ауданы Шарбулак ауылындағы Данияр Қаратаевтың шаруашылығы —

осының айқын дәлелі. Ерлан Қошанов бұл шаруашылыққа да ат басын бұрды. Қарызы көп, тұрақты жұмыс орны жоқ ауыл тұрғыны «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша оқып, кейін «Ауыл аманаты» жобасымен 4 млн теңге несие алған. Бүгінде 8 сауын сиыр сатып алып, сүт өндірісін жолға қойып отырған Данияр Қаратаевтың тұрақты табысы бар.

Сонымен қатар Мәжіліс Спикері Сайрам ауданы Ақсукеңт ауылындағы 1200 оқушыға арналған әл-Фараби атындағы мектепке барды. Бұл білім ордасын былтыр жылы өңірге белгілі мешенат, партия ардагері Низамхан Сулайманов жеке қаражатына салып берген. Жергілікті кәсіпкердің ісін үлгі ете келе: «Түркістанда өткен соңғы Құрылтайда Президентіміз жауапты азаматсыз Әділетті Қазақстанды құру мүмкін емес екенін айтты. Бұл адам ел игілігі жолында адал еңбек етіп, туған жердің дамуы үшін барын салып жүр. Ол өзінің нағыз патриот екенін сөзімен емес, ісімен дәлелдеді. Сайрам өңірінің кәсіпкерлері — осы жауапты азаматтың жарқын үлгісі», — деді Мәжіліс Төрағасы.

Бұдан кейін партия Төрағасы Құтарис ауылындағы толықтай жеке қаражатқа салынған жаңа спорт кешеніне де ат басын бұрды. Ол партия мүшелеріне бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің осындай үлгілерін республика деңгейінде көбірек насихаттауды тапсырды.

Сондай-ақ өңірде Мәжіліс спикері «Жер аманаты» және «Құқықтық көмек» партиялық жобаларының жүзеге асырылу барысымен танысып, халықтың ұсыныстарын тындады. «Қарызсыз қоғам» жобасының бірқатар қатысушысы «AMANAT» партиясының қатарына қосылды. Жаңа мүшелердің айтуынша, олардың келуіне партияның қарпайым халыққа сөзбен емес, нақты іс жүзінде көмектесетіні себеп болған.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР

Халық құқығын қорғауды көздейтін «Құқықтық көмек» партиялық жобасы жалғасын тауып келеді. Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сонымен қатар өмірлік маңызды мәселелерді шешу үшін халықтың әлеуметтік әлсіз тобы ретінде құқықтық көмек беру — алдыңғы кезекте атқарылуы тиіс мәселе.

Азаматтардың аландатқан сұрақтарына жауап беріп, арыз-өтініштері бойынша тиісті талдау жасау үшін «AMANAT» партиясы Сайрам аудандық филиалының қабылдау бөлмесінде тұрғындарды қабылдау өткізді.

Мәселен, партияның Сайрам аудандық филиалына келген Қарамұрт ауылы тұрғыны Каримжан Алахамаев төленген қарызын толық дәлелдей алмай жүргенін айтып, көмек сұрап келген. Өтініш несінің мәселесі оң шешімін тауып, заңгердің ықпалымен алдыңғы сот шешімі бұзылды. Арызына құлақ түрген заңгерге алғысын білдірген ауыл тұрғыны осындай жобаның қолға алынғаны дер кезінде қабылданған жұмыс болғанын жасырмады.

Аудандық бөлімшенің қабылдау бөліміне Ақсукеңт ауылының тұрғыны Бахадыр Анарметов те өз өтінішін айтып келген. Заңгер Әлия Амантаеваның құқықтық көмегінің нәтижесінде қазір қызын әкесіне қалдыру бойынша сот процесі өтуде. Сондай-ақ Сайрам ауданы Карасу ауылының тұрғыны Пернайым Бердиеванын арызын мұқият тыңдаған заңгер Н.Чиркова арызданушының мәселесін жеке бақылауына алатынын айтып, зорлық-зомбылықты шешу үшін



тиісті мамандарға сауал жіберілетінін жеткізді.

Сондай-ақ «Қарызсыз қоғам» жобасы да тиімділігін көрсетіп отыр. Осы уақыт аралығында 6 мыңнан астам адам оқытылып, 8 өңірде 16 мыңнан астам тұрғын қаражатын тиімді жоспарлауды, отбасы бюджетін қалыптастыруды, несие алу мен қайтару ережелерін, қаржы пирамидалары мен алаяқтар тұзағына түспеу жолдарын және табысты бизнес құруды үйренуде.

Бұған дәлел — Түркістан облысы Сайрам ауданындағы Қайнарбулак ауылдық округтің тұрғындары. Олардың айтуынша, бес күнге созылған оқу қаржылық сауаттарын ашыпты. Қайнарбулак ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман іс-жүргізуші Дана Шоманованың айтуынша, жоба бойынша өткен сабақтан алған кеңесін келешек ісіне жаратпақ. Тұрғындар халық сауатын ашуға септігін тигізген жоба жемісті жүзеге асып

жатқанына қуанып отыр. Себебі қаржылық саладағы білікті сарапшылардың ауыл-аймаққа келуі бұрын-соңды болмаған тәжірибе. «Бұл — бізге берілген үлкен мүмкіндік. Өйткені қазір қаржылық сауат жөнінде казак тіліндегі контент өте аз. Бар болған күннің өзінде саладағы білікті сарапшылардың ешқайсысы ауылға барғысы жоқ. Сондықтан ондай білімнің халыққа берері де аз. Ал партияның «Қарызсыз жоба» бастамасында осының бәрі ескерілген. Қаржылық салада жүрген сарапшылардың ақыл-көнесі, бізге берген білімі еш кетпеді, — дейді Сәрсенкүл Төлөндиева.

Жалпы, банктердің, қаржылық институттардың мәліметіне, осындай қаржылық білімге негізінен оңтүстік пен батыс аймақтардың мұқтажлығы байқалған. Сол үшін де осы жолғы оқыту курсы 8 өңірдің төртеуі батыс, үшеуі оңтүстік облыстар және Солтүстік Қазақстан облысында өткізу жоспарланған.

«ТАЛАС ТЫНЫСЫНЫҢ» ТЫНЫСЫ ҚАНДАЙ?



Ахмет Байтұрсынов «Баспасөз — халықтың көзі, құлағы және тілі», ал Міржақып Дулатов «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы мықты» деген болатын. Аудандық газеттердің қазіргі жағдайы қандай?

Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп Жамбыл облысы Талас аудандық «Талас тынысы» газетінің редакциясында болып, 90 жылдық тарихы бар басылым ұжымымен кездесті. Бір кезде «Жұмысшы», «Колхозшы», «Екпінді колхозшы», «Ленин жолы» атау-

ларымен үзіліссіз жарық көріп келе жатқан бүгінгі Талас аудандық «Талас тынысы» газеті аудан тарихының шежірешісіне, руханият шырақшысына айналып отыр. Заман талабына лайықталған газет қазір түрлі түсті 2D форматпен аптасына екі рет, сейсенбі-жұма күндері жарық көреді. Кездесу барысында газеттің бас редакторы Дүйсен Молдақұлов аудандық газет жұмысына хабарлар етті.

Өз кезегінде сенатор Нұртөре Жүсіп Қазақстан Парламенті Сенатының былтырғы қыркүйектен биылғы маусым айының

аяғына дейін атқарған жұмыстары туралы айтып берді. Соның ішінде Әлеуметтік кодекске қатысты, сондай-ақ «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» мақұлданған заңдар жөнінде кең ақпарат берді.

— Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заңның басты мақсаты — онлайн-платформа және онлайн-жарнама мәселелерін құқықтық реттеу. Заңның міндеті — әлеуметтік желіде болып жататын буллинг, азаматтарды қорлау тәрізді келенсіз фактілерден, қаржы пирамидаларынан Қазақстанның азаматтарын қорғай отырып, елімізде саяси сепаратизм мен экстремизмнің алдын алу. Заң қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге және жеке-жеке заңнамалық актілерді негізгі «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заңның ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған, — дей келіп, Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заң Орталық Азияда алғаш рет қабылданды. Енді осы Заң негізінде мемлекеттік тілдегі онлайн-платформалар интерфейсінің дамытуға мүмкіндік туатынын жеткізді.

Жиын соңында тілшілер сенаторға өздерін мазалаған сауалдарын қойып, пікір алмасты.



Сауал — сізден...

«АУРУ — АСТАН» БОЛМАСЫН ДЕСЕК...

Жаз мезгілі басталысымен жеміс-жидектермен, көкөніс өнімдерін тұтынуға асығатынымыз жасырын емес. Өрине, құрамында дәрумендерге бай жеміс түрлерін тұтыну денсаулығымызға пайдалы. Дегенмен ерте бастан базар сөрелерін толтыратын жемістер мен көкөністерде нитраттар мен пестицидтер сияқты адам денсаулығына қауіпті заттар барын ұмытпаған жөн. Жеңіс асымызды тұтынамыз деп денсаулығымызға қатер тудырып алмаудың жолын қарастырған артық етпейді. Осы мәселе жөнінде мамандардың да айтары бар.



Гаухар КАТКЕНОВА,

Алматы қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары:

ЖЕМІСТІ КЕЗ КЕЛГЕН ЖЕРДЕН САТЫП АЛМАУ КЕРЕК

— Жылыжай жемістерін өсіру кезінде шаруалар мен дихандар минералды тыңайтқыштарды қолданатыны жасырын емес. Егер тыңайтқыштарды мөлшерінен тыс қолданса, бұл жидектерде нитраттардың шамадан тыс жиналуына және нитраттармен улануға әкелуі мүмкін. Қауындалағы нитраттардың рұқсат етілген деңгейі 60 мг/кг құрайды. Қауіптілік — пісу процесін жеделдету үшін ерте жемістер азот тыңайтқыштарының көп мөлшерін қолдана отырып пленка астында өсіріледі. Мұндай жағдайда қарбыз бен қауын тез өседі және бірнеше айдан кейін әсерлі мөлшерге жетеді. Бірақ қысқа уақыт ішінде төтті жидектердің тыңайтқыштарда жинақталған нитраттардан арылуына уақыт жоқ және олардағы нитраттардың концентрациясы қауіпсіз нормадан бірнеше есе асып кетуі мүмкін.

Улануды тудыруы мүмкін тағы бір фактор — бақша дақылдарының дұрыс сақталмауы. Қарбыз бен қауын бірнеше апта бойы тікелей күн сәулесінде болған кезде олардағы нитраттардың аз мөлшері де глюкосомен белсенді әрекеттеседі. Нәтижесінде, ішек инфекциясына бастап, дизентерияға дейін жұқтыру ықтималдығы бар.

Бір жасқа дейінгі балалар мен емізетін аналар үшін әсіресе нитратты жоғары қауындар қауіпті, өйткені балаларда иммундық жүйе әлі нашар қалыптасқан, ішек шырышты қабаты өте осал, ал ана сүті нитраттарға айтарлықтай кедергі келтірмейді. Бақша дақылдарынан уланудың алдын алу үшін санитариялық дәрігерлер белгіленбеген сауда орындарында — көгалдарда, жол жиектерінде, ғимараттардың аркаларында, ауалық жолаушылар көлігінің аялдама пункттерінде, үйлердің ауаларында, базарларға іргелес аумақта қарбыз бен қауын сатып алмау қажеттігін ескертеді. Өлетте, бұл өнім оның сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарсыз сатылады. Жолдың жиектерінде, шаң қабатының астында, пайдаланылған газдың тұманында ешкім сізге қауіпсіздік пен сапаға кепілдік бермейді, демек денсаулыққа қауіп жоғары.

Сонымен қатар қарбыз бен қауынды тұтыну алдында ағынды сумен мұқият жуып, кесілген қарбыз немесе қауынды дереу жеу керек немесе тоназытқышта бір тәуліктен артық емес, таза жабық ыдыста, шикі өнімдерден бөлек сақтау керек.

Майгүл ҚАЙНАРБАЕВА,

МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМАДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДИЕТОЛОГ:

СЫРҚАТ ӨЗ БЕТІНШЕ ЕМДЕЛМЕГЕНІ ЖӨН

— Жаз айларында, яғни сыртқы температура жоғарылаған кезде патогенді бактериялардың көбеюі үшін қолайлы мезгіл болып табылады. Бұл тек жеміс-жидектерде ғана емес, тез бұзылатын өнімдерде де жиі кездеседі. Мәселен, сүт, ет өнімдері де таза, салқын жерлерде сақталмаса, ағзамызға айтарлықтай қауіп төндіреді. Ал жемістерге келетін болсақ, әсіресе қызанақ, қияр, шалғам, қырыққабат, қызылша, картоп, жасыл (ақжелкен, аскөк, салат), құлпынай, қарбыз және қауын химикаттарға бейім екені жасырын емес. Әсіресе, қауынға қарағанда қарбызда бұл жағдайлар көптеп кездеседі. Сондай-ақ құлпынайларда жиі кездесіп жатады. Тек химикаттар ғана емес, жеміс құрамында тіршілік ететін құрттар, бактериялар да адам ағзасына өте қауіпті келеді. Улы химикаттар біздің дастарханмызға келгенге дейін бейтараптанып кетуі керек. Өкінішке қарай, кейбір өндірушілер химикаттарды мөлшерден тыс қосатындықтан олар бейтараптанып үлгермей, біздің ағзамызға түсіп жатады. Көкөністерде, жасыл және жемістерде улы заттардың болуын тек зертханалық жолмен анықтауға болады. Нитратты өнімдердің сыртқы түрі мен дәмі өзгермейді. Әсіресе, балалар денсаулығы үшін нитраттар қауіпті. Көкөністер мен жемістер гастритке, бауыр ауруына, жүйке, жүрек-қан тамыр жүйесіне, көздің көру қабілетінің бұзылуына әкеледі.

Уланудың ең жарқын белгісі — терінің көк түсі, әсіресе көз және ауыз айналасында, бас айналуы, температураның жоғарылауы, жүрек соғуының жиілеуі, құсу, диарея. Мұндай белгілер пайда болған кезде дәрігерге бару керек. Сырқат өз бетінше емделмегені жөн. Инфекциялық ауруларға ұшырамас үшін адам жеке бас гигиенасын да сақтау керек. Сатып алған көкөністі бірнеше мәрте мұқият жуған дұрыс.

Дайындаған: Наурызбек САРПА

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕПКЕ» ЖАЙСЫЗ СӨЗДЕР ЕРМЕСЕ ЖӨН

Жемқорлықпен күрес ел бюджетін үнемдеуге салмақты үлес қоса бастады. Әзірге коррупционерлерден сот арқылы тартып алынған 120 миллиард теңге білім ордаларының құрылысына бағытталып жатыр. Сонымен бірге мемлекет мұнымен шектелмей, сыбайлас жемқорлардан алынатын қаржы кем дегенде 300 миллиардқа жететініне үмітті сияқты. Себебі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасына бюджет пен Ұлттық қордан бұрын бөлінген қаражат осынша көлемде кемітілгені түр.

Айхан ШӘРІП

Аз-кем цифрларды сөйлестек. Ел Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы №963 қаулысымен бекітілген «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасына жалпы сомасы 2 триллион 606 миллиард 596 миллион теңге қарастырылған-тын. Соның ішінде 646 млрд 535,2 млн теңге — Ұлттық қордан, ал басым бөлігі немесе 1 трлн 960 млрд 60,8 млн теңге — республикалық бюджет есебінен бөлінді.

Енді Президенттің тапсырмасымен бұл ұлттық жобаның жаңа қаржы көзі пайда болды: сыбайлас жемқорлық үшін сотталған шенеуніктерден, байлардан тәркіленген ақша да бұдан былай мектептер салуға арна тартылады. Осы мақсатта «көмпескеленген» қаражат алдымен арнайы қорға құйылады. Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауындағы тапсырмасы бойынша ол қор бүгінде құрылып, іске кіріскен. Ол «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» деп аталады.

Нәтижесінде, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен 2023 жылғы 17 сәуірде өткен кеңесте «Жайлы мектеп» аясында тұрғызылатын білім ордаларының санын қысқарту және құрылысқа жоспарланған мектептердің жобалық қуаттарын онтайландыру туралы шешім қабылданыпты. Сол жабық кеңесте Оқу-ағарту министрлігіне «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын қайта қарап, оны онтайландыру бойынша жұмыс жүргізу жүктелгені белгілі болды.

Енді міне, Оқу-ағарту министрлігі «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны бекіту туралы Үкіметтің 2022 жылғы 30 қарашадағы №963 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Үкіметтің жаңа қаулысының жобасын әзірлеп шықты.

Құжатта ұлттық жобаға қатысты бірнеше өзгеріс бар: біріншіден, «Жайлы мектепті» жүзеге асыруға арналған бюджет шығыстарының көлемі бұрын бекітілген 2 трлн 606,6 млрд теңгеден 2 трлн 309,3 млрд теңгеге дейін, яғни бірден 297,3 миллиард теңгеге қысқарды.

Соның ішінде Ұлттық қор есебінен — 461 млрд 334,2 млн теңге, республикалық



Елшір ҚАБА (қолжазба)

бюджет есебінен — 1 трлн 847,9 млрд теңге бағытталады.

Екіншіден, жылдар бөлінісіндегі қаржыландыру көлемі де қайта қаралды. Қорытындысында, жайлы мектептер құрылысына Ұлттық қор мен бюджеттен 2023 жылы — былтыр бекітілген 499 млрд 999,7 млн теңге орнына 455 млрд 583,8 млн теңге, 2024 жылы — 1 трлн 38 млрд 388,5 млн теңге орнына 968 млрд 710,9 млн теңге, ал 2025 жылы — 1 трлн 68 млрд 207,8 млн теңге орнына 885 млрд 31,5 млн теңге ғана берілмек.

ЖЕМҚОРЛАР ҚАРАЖАТЫ ТИІМДІРЕК ЖҰМСАЛУДА

Үшіншіден, «Жайлы мектеп» арқасында жанадан бой көтеретін білім ұйымдарының саны азайтылады. Олардың орнын жемқорлардан алынған ақша-активтер негізінде салынғандары толтырады.

Бір қызығы, коррупционерлердің қаражатына әлдеқайда көп мектеп салуға болады екен. Салыстыра кетсек, Оқу-ағарту министрлігі жайлы мектептерге Ұлттық қор мен ел бюджетінен бөлінген қаржыны бірден 297,3 миллиард теңгеге кемітеді. Нәтижесінде, 32 мектеп салынбайды. Сонда әр мектепке орта есеппен 9,3 миллиард теңгеден келіп тұр.

Ал жемқорлардан тәркіленген 96,5 миллиард теңгеге 61 мектеп тұрғызылуда. Мұнда әрбір мектеп орта есеппен 1,6 млрд теңгеге түсі.

«Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты мектеп құрылысына жұмсалады. 2023 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша қор қаражаты есебінен 96,5 миллиард теңге жұмсалып, ол сомаға екі ауысымда 78 мың оқушы орнын қамтамасыз ететін 61 жана мектеп салынды. Құрылған қор есебінен мектеп құрылысы жүргізіліп жатқанын ескере отырып, бюджет қаражатын ұтымды және тиімді пайдалану мақсатында жаңа оқушы орындарын енгізу бойынша қажеттілікке

қайта талдау жүргізілді. Оның аясында Оқу-ағарту министрлігі өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, апатты объектілерді жою, үш ауысымды оқыту және орта білім беру ұйымдарында оқушы орындарының тапшылығын қайта бағамдалады» деп хабарлады министрлік.

Оның мәліметінше, ұлттық жоба аясында салынып жатқан нысандар саны бұрын бекітілген 401 мектеп орнына енді 369 мектепті құрайды. Сөйтіп, 32 мектепке азайтылады.

Төртіншіден, былтыр ел Үкіметі «Жайлы мектеп» аясында екі ауысымды қоса алғанда, жалпы саны 842 мың оқушы орны ашылатынын жариялаған. Жаңа түзетуден кейін бұл сан 738,2 мың оқушы орнына дейін немесе бұрынғыдан 104 мың оқушы орнына азайтылып отыр.

Бұл сан қазірдің өзінде коррупционерлер активі есебінен 75%-ға орындалды: 61 жана мектепте 78 мың оқушы орны құрылды.

Бесіншіден, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2026 жылға қарай орта білім беру объектілерін салу есебінен кемінде 60 мың уақытша жұмыс орнын және 41,2 мың тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарланған. Оқу-ағарту министрлігі бұл көрсеткішті де қайта қарап, тұрақтысын сәл-пәл көбейтті. Өйткені Президент Үкімет пен әкімдердің жұмыссыздық көрсеткішін көрсету үшін оңай құрылатын әрі азырақ ресурсты қажет ететін уақытша жұмыс орындарымен тым әуестеніп кеткенін сынаған еді. Салдарынан, таяуда ғана жұмысқа орналасқан еңбеккерге көп ұзамай қайтадан екі қолға бір күрек іздеуге тура келеді.

Нәтижесінде, Үкіметтің жаңа қаулысының жобасына сәйкес, «Жайлы мектеп» аясында 53,6 мың уақытша жұмыс орны және 41,7 мың тұрақты жұмыс орны ашылмақ.

Алтыншыдан, сарапшылар, құрылыс мамандары нұқпыл көрсеткен тағы бір кемшілік жойылуға тиіс. Ұлттық жобада

өңірлердің сейсмикалық ақауы, мектептер жобаларында жергілікті климаттық және басқа жағдайлардың ескерілмегені біраз сыналды.

Мысалы, қолданыстағы ескі жоба аясында ұлттық жоба операторы саналатын Samruk-Kazyna Construction дирекциясы небары 5 климаттық аймаққа арналған 7 жобалық қуаттағы мектептердің 35 жобалау-сметалық құжаттамасын (ЖСК) әзірлеп жатыр.

Жаңа түзетулерге сәйкес, дирекцияға 7 типті және 5 климаттық аймаққа арналған мектептердің 37 жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу жүктелетін болады. Тарата айтсақ, 2-ші климаттық және 3-ші сейсмикалық аймақтар үшін: 300, 600, 900, 1 200, 1 500 оқушы орны бар мектептер. 2-ші климаттық және 2-ші сейсмикалық аймақтар үшін: 2 мың оқушы орнына арналған мектептер. 1-ші сейсмикалық аймақ, яғни Алматы қаласы үшін 2 500 оқушы орнына арналған мектептер.

Мұның сыртында жалпы тұжырымдамаға сыймайтын, жобалауға және құрылыс салуға бөлінген жер учаскелері тар болған жағдайда мектеп тұрғызудың 7 жеке жобасы әзірленеді. Мысалы, елордада аула ішінде мектептер бой көтеруде.

БІЗГЕ КЕРЕГІ — ОЗЫҚ БІЛІМ БЕРГЕНІ

Жоғарғы аудиторлық палата білімге жауапты министрліктің ісін сынға алып отыр. Себебі Қазақстан апатты және үш ауысымды мектептерді толық жоймақ түгіл, олардың санын арттырып алған көрінеді.

Мәселен, палата дерегінен, білім саласында 2022 жылы 136 мың орындық 247 жана мектеп іске қосылған. Мектептердің ашылғанына қарамастан жана анықталған үш ауысымды және апатты мектептердің саны 162-ден 201-ге дейін өсіп кетті. Соның кесірінен Оқу-ағарту министрлігінің «Күндізгі мемлекеттік мектептердің жалпы санынан апатты және үш ауысымды мектептердің үлесі» көрсеткіші орындалмаған. Бұл апатты, үш ауысымды мектептер санының ұлғаюы және 60 мектептің уақытты іске қосылуы салдарынан болып отыр.

Бүгінде республикада 59 апатты және 137 үш ауысымды мектеп бар.

Қазақстанда қазіргі кезде бес баланың төртеуі екі ауысымды мектептерде оқиды. Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымына мүше дамыған елдерде екінші ауысым тек төтенше жағдайларда ғана қолданылады. Өйтпесе, одан олар бас тартқан. Өйткені екінші ауысым балаларға лайықты білім сапасын қамтамасыз ететіні анықталған.

Ұлттық жобаға нұқсан келтіруі мүмкін кемшіліктерді Премьер-Министрі Әліхан Смайылов та атап өтті. Мәселен, жанадан салынатын жайлы мектептерді сапалы интернетпен жабдықтауда, білікті мұғалімдер табуға қиындықтар бар.

Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаевтың мәліметінше, 2020-2022 жыл-

дары республикада түрлі қаржыландыру көздері есебінен 340 мың оқушыға арналған 626 мектеп пайдалануға берілгені. Биыл 130 мың балаға арналған тағы 146 мектеп ашу жоспарланып отыр, оның 62-сі сыбайлас жемқорлардан тәркіленген қаражат есебінен салынады.

— Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру басталды. Оның аясында 2024—2025 жылдары 740 мыңға жуық оқушыны қамтитын жаңа форматтағы 369 мектеп салынбақ. Бұл оқушы саны тым көп сыныптар, апатты мектептер және үш ауысыммен оқыту мәселесін түпкілікті шешуге мүмкіндік береді деп күтілуде. Бүгінде жана оқу орындарын жиізбен және технологиялық жабдықтармен жарақатандыру стандарттары әзірленді. «Атамекен» палатасымен бірлесіп, отандық тауар өндірушілерді ұлттық жобаға тарту мәселесі пысықталды. «Білім беру өзгерістерінің 1000 көшбасшысы» жобасы бойынша жайлы мектептер директорларының корпусын дайындау жүргізілуде. Оларды кадрлармен уақытты қамтамасыз ету үшін мұғалімдер базасын қалыптастыру жалғасуда, — деді министр.

Үкімет басшысы ұлттық жобаны іске асыру аясында мердігерлік ұйымдар мен жер учаскелерін анықтау, сондай-ақ қажетті жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау жұмыстарын жеделдету қажеттігін ескертті. Шабан жүруде.

«Жер учаскелерінің дайындығы бойынша құрылыс жұмыстарын дереу аяқтау қажет. Бұл инфрақұрылым, жолдар салуға және абадтандыру жұмыстарын жүргізуге қатысты. Әр өңір бойынша тиісті жол карталары дайын, осы мәселелердің бәрін жедел шешу қажет», — деді Ә.Смайылов.

Ол сапалы интернетсіз жайлы мектептер өз атауына сай болмайтынын баса айтты. Тапсыру кезінде жана мектептер сапалы интернет байланысына қосылмаса, олар қабылданбауы тиіс.

Қазірдің өзінде мектептерде педагогтар тапшы. Бұл енді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекке бағытталған өткір сын. Білім ордаларының ескі, жайсыз сыртында жайлысы да тапшылыққа тап болмақ. Министрдің сендіруінше, алдағы жылдары жақсарылған стандарттар бойынша жана формациядағы 49 мың педагог даярланады. Саясат Нұрбек бұл сөзінде тұра ма, әлде басқа қызметке ауыса сала ма, белгісіз. Қалай болғанда, Үкімет басшысы оған жана білім ордалары тек жарақатандыру бойынша ғана емес, сондай-ақ білім сапасы бойынша да мықты болуға тиіс деген міндет қойды.

Жалпы алғанда, ел Үкіметі осы бесжылдықта қолайлы оқу жағдайлары жасалған 1,5 миллион оқушы орнын ашуды жоспарлап қойды. Демографиялық өсім қарқыны сақталса, бұл да жеткіліксіз болуы мүмкін.

Әліхан Смайыловтың пікірінше, президенттік жоба аясында салынып жатқан жайлы мектептерге жұртшылық көп үмітпен қарап отыр. Сондықтан онда сапалы білім беру үшін сапалы кадрларды жұмысқа алу мәселесіне бастарша назар аудару қажет болады. Астарлағанда, «сырты бүтін, іші түтін» мектептер білік деліне тек дақ түсірмек. Халыққа әдемі гимарат емес, ең алдымен алдыңғы қатарлы, озық білім керек.

ҚАЙЫҢДЫДА ҚҰРТ ҚАПТАП...

Аппақ биші қайыңдар мен басы көк тіреген көктеректер Көкше өңірінің көркі екені рас. Дегенмен соңғы уақытта жаппай көбейіп кеткен орман өртімен қоса, қалың нуды түрлі жәндіктер басып құрап, тілі мүлде шіріп кетіп жатқаны алаңдатады. Ондаған гектар қайыңды орман алқаптарын түкті қырықбуын құрттардың жаппай жайлап кеткені жергілікті тұрғындарды алаңдатып отыр. Алайда құзырлы органдар әзірге түйінді мәселенің шешімін табуға қауқары жетер емес. Тиісті мемлекеттік органдардың мәліметінше, өңірдегі мемлекет қорындағы 3633,1 гектар орман алқабын қазір құрт басып ауруға шалдыққан.



және түбінен бастап ұшар басына дейін жаппай жайлап кететін түкті қырықбуын құрттар ағаштың жапырақтарын түгелдей жеп, жасыл желекті тұтастай жалаңаштап кетеді. Бұдан соң бойына ешқандай қажетті құнарлы дәрумендер мен минералдарды ала алмаған ағаштар бірден құрап шірі бастайды екен. Мұның соңы табиғи экологиялық апатқа ұрындыру мүмкін деген тұрғындар құзырлы органдардан түйінді жағдайға дереу арада назар аударуды сұрап отыр. Олар жер өкпесі саналып, оттегін бөлетін ағаштардың осындай жағдайға ұшырауына жергілікті билік пен қоса құзырлы органдардың сылбыр әрекеті жағдайды одан сайын құлдыратып қайың мен теректі ормандардан көз жазып қаламыз ба деп қауіптенеді.

«Тұтастай орман алқаптарын қырықбуын түкті құрттар басып барады. Бұл алдағы болашақта үлкен қатер төндірмек. Біз Сандықтау ауданында тұрамыз. Жан-

мәліметінше, өңірдің бірнеше ірі орман шаруашылықтарында қазір қырықбуын құрттардың көбейіп, ағаштарды шірітуі күрделі мәселеге айналған. Әсіресе, жасыл желегімен қоса, тұмса табиғаты көпшілік көзайымы болған Бұрабай, Зеренді, Сандықтау, Ерейментау аудандарында жағдай аса ушыға түскенге ұқсайды.

— Биыл расында да, мемлекеттік орман қорының 3633,1 гектар алқабында түкті қырықбуын құрттардың жаппай көбейіп, ағаштарды шіріте бастағаны байқалды. Өңірдегі ірі орман шаруашылықтарындағы жағдай күрделі болып тұр. Атап айтқанда, Маралды — 215,5 гектар, Отрадненское — 898,8 гектар, Бұқпа — 450 гектар, Ақкөл — 14,2, Үлкен Түкті — 62,3, Ерейментау — 137, Кіші Түкті — 505, Ұрымқай — 46,4, Сандықтау — 463, Бұрабай МҰТП — 100, «Көкшетау» МҰТП-ның Зеренді филиалы — 94,4, Орманды бұлақ филиалы — 621,9,

Ерейментау ауданындағы Бұйратау филиалы орман шаруашылықтарында 24,6 гектар қалың орман алқаптарында жаппай түкті қырықбуын құрттар жайлап кеткен. Осы маусым айында әсіресе қайың мен көктерек ағаштарының жапырақтарын жеп кеткен. Карантиндік фитостанитариялық сараптама қорытындысына сәйкес, аталған тәжімді ерекше қауіпті зиянкестердің тізіміне кірмейді әрі карантинді нысан болып табылмайды, — дейді Ақмола облысының орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Лашынтай Дүйсенов.

Құзырлы орган қазір ағаштарды жаппай жайлап кеткен зиянкестерден қорғау мақсатында химиялық өңдеу шараларының жүргізіліп жатқанын жеткізді. Инспекция басшылығының мәліметінше, бүгінде дейін 1403,8 гектар орман алқабында оның ішінде «Отрадненское» 898,8 және Кіші Түкті орман шаруашылығының 505 гектар орман шоктарында «Флекс Эксперт» инсектицидмен өңдеу химиялық өңдеу шаралары өткізілген.

Инспекция мәліметінше, қазір қырықбуын дернәсілдерінің қуыршақтану уақыты басталған. Зиянкестердің жаппай таралуының алдын алу мақсатында алдағы жылдың мамыр және маусым айларында әуеден инсектицидтермен өңдеу қажет.

— Мұнымен қоса, алдағы күзде облыстың орман шаруашылықтарымен бірлесіп, ағаштағы зиянкестердің жұмыртқаларын қырпап түсіру және жанар-жағармаймен ағаштың дінін өңдеу бойынша механикалық шаралар ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Бүгінде орман күзетшілері республикалық фитосанитариялық

диагностика және болжам әдістемелік орталығымен бірлесіп қырықбуын құрттарға тұрақты мониторинг жүргізуде. Ормандардың санитарлық жағдайына инспекция тұрақты бақылау және қадағалау шараларын жүзеге асырып отыр, — деп толықтырды Лашынтай Жасқайратұлы.

Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы да орман зиянкестерімен күрес шараларының жүргізіліп жатқанын баян етті. Басқарма мәліметінше, ормандардағы аталған зиянкес жәндіктермен күреске бюджеттен қыруар қаражат бөлінген.

— Орман зиянкестерін өңдеу әдісімен жою мақсатында бюджеттен 24,8 миллион теңге бөлінді. Бұл ауданының Отрадненское орман шаруашылығының 900 гектар алқабына және Зеренді ауданының Кіші түкті орман шаруашылығының 500 гектар алқабында өңдеу жұмыстары жүргізілді. Қазір Зеренді ауданында Бұқпа орман шаруашылығында 150 гектар және Сандықтау ауданының Маралды орман шаруашылығында 200 гектар орман алқабында жұмыстар жүргізілуде, — дейді басқарма басшысы Руслан Әубәкіров.

Өрттің мындағы етектерді жалмап кеткеніне ішіміз ұдай ашыған. Оған түкті қырықбуын құрт жәндіктерінің қосылуы жағдайды одан сайын ушықтыратыны мәлім. Бұлай жалғаса берсе, шынымен де экологиялық аса ірі қауіптің болуы қажап емес. Сондықтан құзырлы органдармен қоса, Үкіметтің және министрліктердің мәселеге бейжай қарамай, шұғыл арада тиісті шаралар қабылдау қажет деген ойдамыз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында елдің рухын көтеретін керемет жаңалықпен бөлісіп, өйгілі Марал ишанның Кенесары ханға сыйлаған Құраны табылғанын жеткізді.

«Бұл — еліміздің рухани өміріндегі елеулі оқиға. Марал ишан барша қазаққа танымал адам болған. Ол — төл тарихымызда ерекше орны бар Кенесары ханның үзенгілес серігі. Бұл Құран екі ғасыр бойы қолдан-қолға өтіп, ақыры шетелге шығарылған екен. Оны жанашырамазаттардың, меценаттардың көмегімен Қазақстанға қайтарып алдық. Құранда Марал ишанның және Кенесары ханның мөрі бар. Жәдігерге жан-жақты сараптама жасалды. Отандық және шетелдік ғалымдар Құранды мұқият зерттеді. Құранның, расында Марал ишанға тиесілі болғаны және Кенесары ханға берілгені анықталды» делі Президент.

Қасым-Жомарт Кемелұлы кез келген өркениетті ел өзінің тарихи мұраларына зор құрметпен қарайтынын, оны қастерлеп, мұражайға немесе басқа да арнайы орындарға қоятын айтпа келіп: «Біз де бабалардан мирас болған әрбір жәдігерді қадірлеп, сақтай білуіміз керек. Осы Құранды жақында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына табыс етеміз. Өйткені бұл — бүкіл елге ортақ қазына», — деген болатын. Жақында қазақтың қос алыбының қолынан табы қалған Құран кітабы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына салтанатты түрде табысталды.

Еліміздің рухани өміріндегі айтулы оқиғаға айналған Марал ишан мен Кенесары ханнан мирас боп жеткен Құранды Мемлекеттік кеңесші Ерлан Карин Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасына сәйкес, мүфтиятқа арнайы өкеліп табыстады. Ерлан Тынымбайұлы халқымыз үшін қастерлі кітапты көзіміздің қарауында сақтап, болашақ ұрпаққа аманаттау маңызды міндет екенін атап өтті. Мемлекеттік кеңесші көне кітапты отандық және шетелдік жоғары білікті, тәжірибелі мамандар толықтай зерттеп, бәрі бірауыздан Құранның Кенесары ханға тиесілі екенін анықтағанын жеткізді.

Құран кітабы XVIII ғасырда жарық көрген екен. Түпнұсқа қолжазбасы шығыстық қатты мұқабамен түптеліпті. Көлемі — 16х23 см, бет саны — 744. Кітап ақшыл-сары түсті беттен тұрады. Әрбір бетке 12 жолдан Құран аяттары жазылған. Салтанатты іс-шарада Мемлекеттік кеңесші Ерлан Карин:

«Көркем безендірілген парақтардың басы, ортасы және соңы қолмен жазылған. Сондай-ақ парақтар алтын, көк, жасыл және қызыл түсті өсімдік суреттерімен әдіптелген. Ал әр жолдың арасы алтын жалатылған сынаппен көмкерілген. Қағаз бен сия пигменттеріне жүргізілген химиялық-технологиялық зерттеу жұмыстары олардың XVIII ғасырдағы Шығыс қолжазба кітаптарын жасауда қолданылатын материалдармен бірдей екенін көрсетті. Құран қолжазбасы мен мөрлер бояуларының құрамына зерттеу жүргізу барысында олардың XX ғасырдың ортасына дейін қолданылған бояғыш заттан жасалғаны анықталды. Құран қолжазбасының ортасында қазақ тілінде «Қазақ ханы Кенесары. Оған Алланың көмегі болсын. Аллаға үміт артқан (Аллаға қайтатын) кедей құлдың дұғасымен. Мулла Марал ибн Құрбан баба...» деген жазу мен Ишанның мөрі бар. Қасына Кенесары ханның да мөрі басылған», — деп түсініктеме берді. Құранның қандай ұқыптылықпен, көркемдікпен жасалғанын осыдан-ақ байқауға болады.

Алдымен Марал ишанның, кейін Кенесары ханның қолында болған бұл Құран кітабы ұзақ уақыт бойы шетелдегі жеке адамдардың қолында болған көрінеді. Енді міне, Алланың қолдауы, ұлт жанашырлары — меценаттардың арқасында қасиетті кітап Қазақстанға қайтарылып отыр. Құранның елге жетуіне жәрдем берген меценаттарға Алла разы болсын!

Мемлекет басшысы Түркістанда өткен Ұлттық құрылтай кезінде: «Құнды мұраның барша халқымыз үшін қастерлі орында тұрғаны абзал. Сондықтан



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ, ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти:

ХАННЫҢ ҚҰРАНЫ — ХАЛЫҚТЫҢ МҰРАСЫ

Құранды қалпына келтіріп, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қойған жөн деп санаймын. Кезінде Тайқазанның елге оралуын жұрт жақсы ырымға балаған еді. Көп ұзамай Қазақстан Тәуелсіз мемлекет болды. Ұлт азаттығы үшін күрескен Кенесарының қолында болған Құран кітабының елге келуі де жақсы ырым деп ойлаймын. Бұл оқиға Қазақстанның жана дәуірінің берекелі бастауы болсын деп тілейік», — деген болатын. Шынында Кенесары ханның қасиетті Құранының табылып, елге қайтаруы елдігіміздің, бірлігіміздің беріктігінің белгісі деп қабылдадық. Елдің еңсесін тіктеп, рухын көтеретін осындай жаңалықтар лайым көп болсын! Алла Тағала бізге Кенесары ханның заманындай елдің имандылығын нәсіп етсін!

Атақты Абылай ханның немересі, ұлт-азаттық көтеріліс жетекшісі Кенесары Қасымұлы — қазақ үшін аяулы, қадірлі тұлға. Ол қайсар қолбасшы ғана емес, парасатты басшы болды. Ол азаттық үшін арпалысты, тәуелсіздік үшін тіресті. Оның арманы атасы Абылай билеген Қазақ хандығын қалпына келтіру болатын. Халықтың басын қосып, жана экономикалық, саяси бастамаларды қолға алды. Мал өсіретін аймақтарға зекетті, егіншілікпен айналысатын өңірлерге ұшырды енгізді. Шариятқа негізделген салық саясатын қалыптастырды. Сот істерін де шарият бойынша жүргізді.

Алайда Кенесарының күш алуына, Қазақ хандығының қайта бой көтеруіне мүмкіндік берілмеді. Кенесары хан елдіктің жолында, болашақтың бақыты үшін құрбан болды. Өмірінің соңына шейін тақымы аттан босамады, қылышы қынабына еңбеді. Қазақтың азаттығы үшін күресті, сол жолда жан тапсырды. Сондықтан біз Кенесары ханды ұлтты сүюдің, қазаққа қызмет қылуының, бостандық жолында басын бәйгеге тигудің нағыз үлгісі ретінде танымыз. Содан болар, Мемлекет басшысы «Кенесарының Құраны табылды» деп сүйінші хабар жеткізгенде жүрегіміз жарыла қуандық. Ал ол Құранды атақты Марал ишаннан сыйға алғанын естігенде одан бетер сүйсіндік. Себебі Марал ишан да — қазақтың ірі тұлғасы.

Марал ишан дін қайраткері ғана емес, ұлттың жоқшысы болды. Ұлт-азаттық көтерілістің бел ортасынан табылып, рухани көшбасшыға айналды. Хан мен ишанды қазаққа деген жанашырлығы жақындастырды. Марал

“
Алдымен Марал ишанның, кейін Кенесары ханның қолында болған бұл Құран кітабы ұзақ уақыт бойы шетелдегі жеке адамдардың қолында болған көрінеді. Енді міне, Алланың қолдауы, ұлт жанашырлары — меценаттардың арқасында қасиетті кітап Қазақстанға қайтарылып отыр. Құранның елге жетуіне жәрдем берген меценаттарға Алла разы болсын!

ишан мен Кенесары ханның туыстық байланысы да болды.

Абылай ханның қалмаққа тұтқынға түсіп, кейін Қалдан Сереннің оған бостандық бергені тарихтан белгілі. Қалдан Серен жай босатып қана қоймай, ат-тон айыбы ретінде Абылайға екі қызын беріп, мол дүние-мүлік сыйлаған болатын. Абылай хан елге келген соң Қалдан Сереннің бір қызын өзі әйелдікке алып, екіншісін сенімді серігі хәм емшісі Құрманға қосады. Абылайдың сол қалмақ әйелінен Қасым сұлтан туса, Құрманның қалмақ әйелінен Марал өмірге келді. Сонда Қасым сұлтан мен Марал ишан бөле болады. Демек Қасымның ұлы Кенесары мен Құрманның

ұлы Маралға рухани жағынан ғана емес, қан жағынан да туыс деген сөз.

Маралдың әкесі Құрман Кен-жебайұлы діндар ғана емес, Абылай ханның батырларының бірі болды. Абылайдың Қалдан Сереннің бір қызын Құрманға қосқанынан-ақ екеуінің қандай жақын болғанын байқауға болады. Осы әйелінен Құлжа, Арал, Марал деген үш ұл өмірге келді. Марал Құрманұлы Жалаңаяқ ишанның медресесінен он жыл білім алып, ишан атанды. Елге келіп, имандылық нұрын себеді. Мешіт-медресе салдырып, діни ағартушылықпен айналысты.

Әкесі Құрман секілді Марал да қайсар жан болды. XIX ғасырдың 30-жылдары ұлт-азаттық көтеріліс ұйымдастырып, қазақ жеріне орыс бекіністерінің салынуына қарулы қарсылық білдірді. Кейін Кенесарының ұлт-азаттық көтерілісіне қосылып, көтерілістің рухани көшбасшысы атанды. Керемет қасиеттерімен Кенесары әскерінің жеңіске жетуіне ықпал етті. Міне, осындай елдің екі ірі тұлғасының саусағының табы қалған Құран кітабының елге оралуын бізге бұйырған бақ деуге болады.

Біздің қазақ қасиет тұтатын дүниенің бірі — Құран Кәрім. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Әй, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. Сондай-ақ сендер үшін бір ашық нұр (Құран) түсірдік», — деген («Ниса» сүресі, 174-аят). Құран Кәрім — Алла Тағала тарапынан түсірілген, үкімі Қияметке дейін жалғасатын, адамзат баласы үшін берілген ұлы сый. Алла Тағала: «Біз саған әр нәрсені баяндайтын және мұсылмандар үшін тура жол, мейірім және сүйінші ретінде Құранды түсірдік», — деген еді («Нахл» сүресі, 89-аят).

Шынында Құран — тура жол, бағдаршам іспетті. Кімде кім Құранның ақиқатын мойындап, оған шынайы махаббатпен ерсе, жан-дүниемізді байытып, рухани кемелденуімізге жол ашады. Хазреті Османның (оған Алла разы болсын): «Жүректерің тазарған

болса, Жаратушының сөзі Құранға тоймайтын едіңдер», — деген сөзі бекер емес. Себебі Құран өзін құрметтеп, әрбір аятына амал еткен адамды екі дүние бақытына жетелейді.

Құран бұл дүниеде адамға тура жол көрсетсе, ақыретте шапағатшы болады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Құран оқындар, өйткені ол Қиямет күні өзін оқығандар үшін шапағатшы болады», — деген (Мұслим). Алла Тағала Құранда: «Бұл (Құран) — біз түсірген мұбәрак кітап. Енді соған еріндер, тақуалық жасандар. Мейірімге бөленесіңдер», — деген. Сондықтан бабаларымыз Құранды қасиет тұтып, оған амал етіп, тақуалығының темірқазығына айналдырған.

Өйгілі Бұқар жырау: «Тәңірім сөзі Фұрқанды айт, Кәләм Алла — Құранды айт», — деп жырласа, хәкім Абай: «Құран рас, Алланың сөзі дүр ол», — деп қасиетті кітапты өлеңіне арқау еткен. Асыл дінімізді қадірлеп, Алланың сөзін әспеттеген бабаларымыз Құранды құрметтеп, төрге қойған. Оны көзінің қара-



«САҚТАНДЫРУ КЛАΠΑҢДАРЫН КУЭЛАНДЫРУ» ҚЫЗМЕТТЕРІН САТЫП АЛУ БОЙЫНША АШЫҚ ТЕНДЕРДІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сақтандыру клапандарын куэландыру» қызметтерін сатып алудың №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9, №10, №11, №12, №13, №14 лоттары бойынша, **Консорциумның құрамындағы тендерлік отінімі «Строительный центр ПВ»** ЖШС: 140000, Павлодар облысы, Павлодар қ., Транспортная көш., 22/3 жақтауы, БСН 040540007081 және **«МунайГаз метрология»** ЖШС: 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қ., көш. К.Мендалиева, 32 ұй, БСН 090540017276 жеңімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

ОБЪЯВЛЕНИЕ ОБ ИТОГАХ ОТКРЫТОГО ТЕНДЕРА ПО ЗАКУПКЕ УСЛУГИ «ОСВИДЕТЕЛЬСТВОВАНИЕ ПРЕДОХРАНИТЕЛЬНЫХ КЛАПАНОВ»

Признать победителем по закупке услуги «Освидетельствование предохранительных клапанов» по лотам №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9, №10, №11, №12, №13, №14, тендерную заявку **Консорциума в составе ТОО «Строительный центр ПВ»:** 140000, Павлодарская область, г. Павлодар, ул. Транспортная, строение 22/3, БИН 040540007081 и **ТОО «МунайГаз Метрология»:** 090000, Западно-Казахстанская область, г. Уральск, ул. К.Мендалиева, дом 32, БИН 090540017276.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

Қайрат БАЛАБИЕВ, Парламент Мәжілісінің депутаты,
«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

АДАЛДЫҚ ҮСТЕМДІК ЕТПЕЙ, ӘДІЛДІК САЛТАНАТ ҚҰРМАЙДЫ



Бүкіл бабаларымыз адалдық пен әділдікті өсиет еткен. Өмірге келгендегі мақсат өмірді қалай болса солай сүру емес, жақсы мен жаманды, обал мен сауапты, адал мен арамды, ақ пен қараны ажырата біліп, адамдықтан аттамай адал еңбек етіп, әділдік сақтап, тек өзіне емес, өзгеге де пайдасы тиетін қағидағарды ұстана білу керек. Атаның емес, адамның баласы болып халықтың батасын алып, ықыласына бөленіп, елге еңбек сіңіру азаматтық борыш. Көбінесе жан бағу деген қарекет табалдырықтан әрі аса алмай жатады. Нағыз ердің санасында ел деген ұғым биік тұруы тиіс.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда ұлттық бренд, идеология, тарих, сана, мәдениет, тәрбие, жалпы ұлттық құндылықтар мен креативті индустрия, саяси талдау, сараптау, шекаралас аймақтарды дамыту, мемлекеттік қызметкерлерді адалдық пен әділдікке жетелеуін қасиеттер мен істерге кеңінен тоқталды. Түсінгенге әділетті әрі адал қоғам жайында терең мағыналы ой айтты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі», – деді. Кез келген бастама адалдық әрі табындылықпен атқарылатын болса, міндетті түрде нәтижелі болады. Әрбір азаматтың ойында тек «мен» деген жеке ұғым емес, «біз» деген ортақ ұстаным болуы тиіс. Сонда бүгін ел өркендеп, тіршілік түзеледі. Еліміздің жарқын болашағы үшін игіліктері істерге бастайтын пайдалы азаматтар керек. Нақты мақсатқа жету үшін тинақты бағыт-бағдар да қажет.

«AMANAT» партиясының ұйымдастыруымен Астанада алғаш рет әр деңгейдегі мәслихат депутаттарының республикалық форумы өткені мәлім. Келелі кеңестің мәнісі тіпті аудандық деңгейдегі депутаттардың имиджін қалыптастыру, сайлаушылармен байланыс орнату, уәделерді орындау сияқты жұмыстар бүтешуіне шейін талқыланды. Әйтпесе бұрын сайлау алдында алашапқын болып, кейін ауылға ат ізін салмайтындар да болған. Тұрғындарға төбе көрсетпейтін әкімдер де бар. Мәселесін шешетін, шағымын тындайтын не әкім, не депутатын таппаған соң, халық көшеге, әлеуметтік желіге, тіпті халықаралық ұйымдарға шығып кетті. Заман өзгеріп, өзгергенді көз көріп жатыр. Орнында бар оңалар. Форумның мақсаты Президент айтқандай, халыққа адал қызмет етіп, әділетті Қазақстан орнатуға күш салу еді.

Мәжіліс Төрағасы, Партия Төрағасы Ерлан Қошанов: «Біздің – мақсатымыз айқын. Ол – Мемлекет басшысы қолға алған реформаларды аяғына дейін табысты жүзеге асыру. Баршамызды бір миссия – мемлекет пен халыққа адал, риясыз қызмет ету миссиясы біріктіреді» деп ақиқатын айтты.

Биылғы сайлау бұрынғыдан өзгереді. Партия қатарында барлар да, жоқтар да сайлауға түсе алады. Мен де сайлаушылар сенім артып, бірмандатты округтен сайланған депутатпын. Мінбер жоғарылаған сайын міндет көбейе түседі. Мәжіліс мандаты міндетті жауапкершілікті арттырады. Өйткені тек мәселе көтеріп қоймай, ел үшін маңызды құжаттардың қабылдануына атсалысады. Айналасы 3 айда үкіметке 12 депутаттық сауал жолдадым. Көпшілікпен алғашқы сессияда істеген жұмыстың есебімен бөлісуді жөн санадым.

Түркістан еліміздің ірі облыстарының бірі. Жер көлемі жөнінен сай келмесе де, тұрғындар саны жағынан асып түседі. «Көптің уайымы – көп, аздың уайымы – аз» дегендей, бұқараның саны артық сайын өзекті мәселелер де көбейіп келеді. Оның үстіне, әркісі 50-60, берісі 30 жылдан бері тозығы жеткен, жаналауды қажет ететін дүниелер де жетіп артылады. Әлеуметке керекті сол баяғы мектеп, аурухана, емхана, жол, газ, су, жарық, жұмыс орындары. Сайлау алдында сайлаушылармен кездесіп, базьнасын тыңдалдық. Енді сол бойынша жұмыс істеп жатқан жайымыз бар. Айналасы 3 айда үкіметке оннан аса депутаттық сауал жолданды. Ауыз толтырып айтарлық мектеп, ауыз су, газ мәселесінің оң шешімін тапқаны. Облыста 125 ауылда тіршілік нәрі болмай сатып алса, өзгесінде йоды, тұзы шамадан тыс, одан қалса құрттап кеткен суды ішуге мәжбүр. Құбыр жүргізілсе де, су жеткізілмегендері тағы бар. Мұндай келеңсіздіктер Ордабасы, Отырар, Жетісай,

Келес, Қазығұрт, Мақтаарал, Созақ, Түлкібас, Шардара, Сайрам, Төлеби, Сауран аудандары мен Арыс, Түркістан, Кентау қалаларында белен алған. Құрылыс әлдеқашан аяқталса да, пайдалануға берілмеген. Бұған су көздерін барлау мен жобалық-сметалық құнының дұрыс жасалмауы, мердігерлердің он екіде бір сайманының түгел болмауы, нысанды эксплуатацияға қабылдау кезінде жауапты бөлім басшыларының кемшіліктерге көз жұма қарауы сияқты факторлар бірден-бір себеп. Салғыртықтың салдарынан опық жейтін халық. Судың сапасыздығынан неше түрлі аурулар асқынып кеткен. Осылардың бәрін ескере отырып, ең алғашқы депутаттық сауалдардың бірін ауызсу тақырыбына арнадым.

Нәтижесінде үкімет 2023-2025 жылдарға арналған арнайы бағдарлама аясында Түркістан облысына қарасты 113 елді мекенді ауызсумен қамтамасыз етіп, 204 ауылда тозығы жеткен су құбырларын жанапайтын жеткізді.

Қазақстан Республикасының газдандырудың 2015-2030 жылдарға арналған бас схемасы бекітілгені белгілі. Былтыр елімізде 11 миллион 600 мыңдай абонент газбен қамтамасыз етілген. Ал Түркістанда 368 ауыл азаматтары көгілдір отынға жарымай келеді. Облысты түгел табиғи газбен қамтуға 75 млрд 200 млн теңге қажет екенін де үкіметке жеткіздім. Сондай-ақ 2022 жылы газдандыру бойынша 584 млн теңге қаралып, мемлекеттік сатып алу байқауы өткізілгенімен, 2023 жылы бюджетті нақтылау кезінде қаржыландыру белгісіз себептермен қысқартылған Арыс қаласына қарасты Байыркүм, Көкжиде, Жиделі, Аққала елді мекендеріндегі жағдайды да көтердім. Үкіметке депутаттық сауал жолдап, облыс бойынша жауабын алдым. Арыста аты аталған ауылдар 2024-2026 жылдары газдандырылмақ. Ал облыста биыл 6,9 млрд теңгеге осы бағытта 22 жоба іске асырылады. Түркістандықтардың қарасы 2 миллионнан асады. Жыл сайын 40 мыңдай нәресте дүниесің ашады. Бұл дегеніміз әр жана оқу жылында 40 мың бала мектеп табалдырығын аттайды деген сөз. Осындай ақ білім ошақтарының қажеттілігін байқаймыз. Өңірдегі мектеп мәселесін шешу бойынша депутаттық сауал жолдаған соң, бұл мақсатқа Ұлттық қор мен республикалық бюджеттен 344 млрд 600 млн теңге бөлінді. Бұйырса 2024-2025 жылдары 63 мектеп пайдалануға беріледі. Нақтырақ айтқанда, 2023 жылы 29 мектептің құрылысын бастап 2024 жылы, ал 34 мектептің құрылысы 2024 жылы басталса 2025 жылы аяқталады. Яғни, 2023 жылға – 54,6 млрд,

Негізі облыс көлемінде ірі индустриалық өндірістер жоқ, жергілікті жұртшылық негізінен ауыл шаруашылығы өнімдерін өсірумен айналысады. Мемлекеттен жылыжай өндірісіне төмен 5 пайыздан аспайтын ұзақмерзімді несиелер мен гектарлық субсидиялар бөліп, нақты көмек көрсетілгенде ғана жылыжай өндірісі өркендейді әрі бәсекелестікке бейімделеді. Әлемде ауыл-шаруашылығымен байыған мемлекеттер баршылық. Оларда шаруашылықтардың дамуына қолайлы жағдай жасайды. Мысалы, Еуропаның құлпынай өсіретін жылыжайларын тамашалауға туристер ағылып жатады. Агро бизнестен АҚШ жерін де, жағдайын да, ақшасын да аямайды. Ал біздің үкімет тұрақты нормативтер негізінде нақты қожалықтарға ғана қомақты көмек көрсете алады да. Ұсақ шаруашылықтар игіліктерге жетпей жатады. Үкімет «Кең дала», «Агробизнес» әмбебап несиелендіру бағдарламасының аясында жылыжайлардың мәселесін шешетінін мәлімдеді.

Түркі тілдес мемлекеттер Кеңесінің Саммитінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда түркі елдерінің бірлескен арнайы экономикалық аймағын құруды тапсырған еді. Бұл облыс үшін игілігі мол іс. Мемлекет басшысының бастамасын ТМҰ қатысушылары да қолдап, Самарқан қаласында өткен Саммитте «TURAN» АЭА тұжырымдамасы бекітілді. Осыған сәйкес Түркістандағы қолданыстағы «TURKISTAN» арнайы экономикалық аймағын мен «TURAN» АЭА-ның аумағын қосу көзделген-ді. Өйткені ТМҰ-ға мүше мемлекет бизнесмендеріне ерекше мәртебе беріліп, өңдеу өнеркәсібіне қатысты барлық қызмет түрлеріне рұқсат етіледі. Индустриалық алаң халықаралық деңгейде болғандықтан бизнестің өсіп-дамуына жайлы жағдай жасалады. Олар тіпті даулы мәселелерді шешуде халықаралық сотқа жүгіне алады. Рухани астанада туризммен қатар экономикалық дамуға да жол ашу керек. Осыған байланысты «TURAN» АЭА- құру мен оның қызметін атқару бойынша «Арнайы экономикалық және индустриалық аймақтар туралы» және «Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңдарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажет. Президенттің бұл жөніндегі тапсырмасына екі жылдан асып барады. Алайда елеусіз-ескерусіз қалғандай, әлі күнге нақты ешкім білек сыбана кіріспеді. Қандай жоба іске асса да, көпшіліктің көңісіне жараса игілің ел көреді деп мұны да депутаттық сауал етіп жолдадым.

Сайлау алдында сайлаушылармен кездесу барысында ең көп айтылған мәселе жұмыссыздық пен зейнет жасын төмендету.



2024 жылға – 116,8 млрд, 2025 жылға – 173,2 млрд теңге қарастырылған. Сонымен қатар «Білім инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен өңірдегі 11 мектептің құрылысын аяқтау үшін 11,6 млрд теңге, бұдан бөлек ағымдағы жылы жалпы сипаттағы трансфертер аясында 37 білім ұясының құрылысына 22,6 млрд теңге берілді. Қаржының мақсатты әрі тиімді жұмсалуды мен мектептердің дер кезінде пайдалануға берілуіне қалағалауда ұстаймыз. Бұлайша 344 млрд 600 млн теңгенің бірден бөлінуі бұрынсоңды болмаған жаңалық. Осының арқасында облыста мектеп салу ісі басталды. Айта кету керек, әзірге ауыл арасында қатынап оқитын оқушыларды тасымалдау үшін арнайы автобустар аудандарға ұластырылды.

Адам көбейген сайын әрбір ауылда амбулаториялық пункт ашып, жалпы тәжірибелі дәрігерлерді тартып, бір-бір жедел жәрдем көлігінің қажеттілігі туындап жатыр. Өйткені жүкті әйелдер мен ауыр сырқаттанған науқастарды аудан орталығы тұрмақ, ауылдық округтің өзіне жеткізудің өзі мұң боп жатқан жерлер жетерлік. Оның үстіне, жоғарыда айтылған сапасыз ауызсу тұтынатын ауылдарда ішек, бауыр, бүйрек аурулары асқынып, көп салалық аурухана салуды қолға алу күн тәртібінде тұр. Мысалы, шардаралықтар сол санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай келмейтін Шардара су қоймасының суын ішіп отыр. 60 мыңнан астам тұрғыны бар Арыста бір мезгілде 500 науқас қабылдайтын емхана ғимаратының құрылысына қажетті 3,2 млрд теңге де бөлінетін болды. Бұл жөніндегі депутаттық сауалға Қаржы министрлігі 2024-2026 жылдарға бағытталған лимиттер негізінде қаржыландырылатынын хабарлады.

Абай хакім қырық екінші қара сөзінде: «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынның бір себебі – жұмыссыздық жоктығы. Егер егін салса, а суадаға салынса, қолы тиер ме еді?» – деген. Көптеген жобаларға қыруар қаржы бөлінгенімен, іске аспай қалған. Соның кесірінен жұмыссыздық жойылмай жатыр. Ауылдарда жұмыс орындарын көптеп ашылуын қолға алу керек. Қазір кей әкімдіктер мыңдаған адамның жұмыспен қамтылатынын жарнамалап, қисынға келмейтін іспен айналысуға. Және жұмыс істеудің кері осы екен деп қара жұмысшылар мен мектеп мұғалімдерін, дәрігерлерді алпыстан асканша жұмысқа жегіп қоюға да болмайды. Зейнет жасын 55-ке дейін түсіру қалың бұқараның талабы. Өзекті мәселені үкіметке жолдап, депутаттық сауалға жауап күтіп жүрміз.

Министрліктердің көптеген сауалдарға салғырт қарауы депутаттардың назарылығын тудырады. Үкіметтің де, үкімет мүшелерінің де, аймақ әкімдерінің де кандидатурасын мақұлдайтын депутаттар. Әртүрлі деңгейдегі атқарушы билікті халықтың мәселесіне ат үстінде отырып алып, жүрдім-бардым қарауына жол берілмейді. Онсыз да министрлер мен әкімдерге сенуден қалған сайлаушылар тек депутаттарға иек артып отыр. Менің өзіме күніне қанша адам ауылдың проблемасын айтып жатады. Депутат болудағы мақсатым да халықтың қалауысы деген абыройлы атақты атын ақтау, сенімнің үдесінен шығу. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, әділетті Қазақстан орнату үшін азаматтарға адалдық керек. Елге адал және әділ қызмет етуден басқа бөтен ой жоқ. Адалдық үстемдік етпей, әділдік салтанат құрмайтынын ұмытпаған жөн.



МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАНДАСТАР ҚҰРЫЛТАЙЫ

Қазақстан Сыртқы істер министрлігіне қарасты «Отандастар қорының» ұйытқы болуымен Ұлан-Батыр, Хобда, Баян-Өлгей аймақтарында Моңғолиядағы қазақтар арасында кіші құрылтай өтті. Шара «Отандастар қоры» президенті бастаған Қазақстандық делегация Моңғолияның елордасы Ұлан-Батырдың Налайх ауданының әкімі Ч.Раднаабазар және мәслихат депутаттарымен кездесуімен басталды. Айта кетерлігі, бұл ауданда 5 мыңнан астам қазақ тұрады.

Наурызбек САРША

Кездесуге «Отандастар қоры» КеАК президенті Абзал Сапарбекұлы, Қазақстан Республикасының Моңғолиядағы Елшісі Ғабит Бейбітұлы Қойшыбаев бастаған делегация мүшелері, ҚР Мәжіліс депутаттары Үнзила Шапақ, Нұрғұл Тау, Жарқынбек Амантай, дипломатия ардагері Сайлау Батыршаулы, жазушы Кәдірбек Құныпия, «Президент және халық» газетінің бас редакторы Мұрат Тоқашбаев, жазушы Ауыт Мұқибек, Түркияның Мимар Синан университетінің профессоры Абдулвахаб Қара, Налайх ауданында қызмет ететін «Ер бірлігі» үкіметтік емес ұйым басшылары мен өкілдері қатысты.

Сол күні аталған делегация Моңғолия қазақтарының кіші Құрылтайы аясында Ұлан-Батырдың қазақтар шоғырлана орналасқан Налайх ауданына да арнайы ат басын тіреп, сондағы қандастармен кездесті. Басқосу Қазақстан Республикасының Моңғолиядағы Елшілігі мен Моңғолиядағы «Ер бірлігі» үкіметтік емес ұйым өкілдерінің қолдауымен ұйымдастырылды.

Кездесу барысында Абзал Сапарбекұлы шетелден елге көшіп келуді жоспарлаған қандастарымыз үшін мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулар туралы да баяндады. Бұған қоса, биылдан бастап іске асырылуы жоспарланған, шетелдегі этникалық қазақтарға арналған «Ата жолы» картасы туралы ақпарат берді.

Қазақстан Республикасының Моңғолиядағы Елшісі Ғабит Бейбітұлы Қойшыбаев Моңғолия қазақтарының кіші құрылтайының ашылуына орай құттықтау сөзімен бастады. Елшіліктің қандастарға елімізде көрсетіп жатқан қолдауларға дөңкер ретінде қызмет ететіндігіне тоқталды.

Шараның екінші күні «Қазақстан мен Моңғолия қарым-қатынастарының 30 жылдығына орай ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелдің құрметті қонағы ретінде Моңғолияның тұңғыш президенті П.Очирбат қатысты.

Дөңгелек үстелде Қазақстан мен Моңғолияның дипломатиялық, мәдени, саяси-әлеуметтік, экономикалық қарым-қатынастары әңгіме арқауы болды.

Қазақстаннан келген депутаттар өз кезегінде екі ел Парламент достық тобының күн тәртібіндегі мәселелерді шешуге күш жұмсау керектігін атап өтті. Осы ретте Баян-Өлгей аймағымен тікелей рейс ашу және Қазақстанға жақын аймақтарда Қазақстанның консулдығын ашу пысықталып жатқанын тілге тиек етті.

Құрылтай аясында шара арқы қарай Моңғол Ұлттық университетінде

жалғасты. Сол күні осы білім ордасында Моңғолияның халық жазушысы, тарихшы, драматург, қоғам қайраткері Сұлтан Тәукейдің «Отандастар қоры» ұйымдастыруымен, Қазақстан Жазушылар одағы және Sun компаниясының қолдауымен «Ұлы Дала» айдарымен шыққан «Сенгір таулар» атты романның тұсаукесері өтті. Кітап авторы Сұлтан Тәукей бұл кітапты қазақтардың Моңғолиядағы тұрмыс-тіршілігі мен тарихын моңғол оқырмандары түсіну үшін моңғол тілінде жазғанын айтты.

Сөз соңында автор Отандастар қорына өз алғысын білдіріп, Қор жұмысына сәттілік тіледі. Тұсаукесер барысында Абзал Сапарбекұлы Сұлтан Тәукейге Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі куәлігін тапсырды.

Бұдан әрі Моңғолияда өтіп жатқан кіші Құрылтай қазақтар шоғырлана қоныстанған Баян-Өлгий аймағында жалғасып, Тұғрыл-Хан бейресми ұйымының бастамасымен бизнес форум өтті. Осындай Форум осымен 4-рет ұйымдастырылуда. Бұдан бұрын Астана қаласында бастау алып, Көлсайда, Катон Қарағайда өткен болатын.

Шараның Баян-Өлгийде жалғасуының басты себебі – форум қатысушыларының дені Моңғолиядан Қазақстанға келіп өз кәсібін ашқан азаматтар. Атап айтсақ, аталған іскерлік жиынға Қазақстанның 60-тан аса кәсіпкер, Баян-Өлгий аймағынан ең атакты 50 кәсіпкер, сонымен қатар Еуропадан да қандас кәсіпкерлеріміз арнайы келіп қатысты.

«Бизнес форумның негізгі мақсаты – екі ел арасындағы экономикалық байланысты нығайтып, сауда-саттықты, экспортты дамыту», – дейді форум төрағасы, кәсіпкер Мұрат Дәкейұлы.

Осы орайда қазақ-моңғол қарым-қатынастарының дамуына, халықтар достығын нығайтуға және ұлттық руханиятқа қосқан үлесі үшін бірқатар қазақ-моңғол қайраткерлері марапатталды.

Атап айтқанда, Моңғолияның Ұлы Мемлекеттік Хуралының депутаты, моңғол-қазақ парламенттік достық тобының тең төрағасы – Бөделхан Кабдылсәмұлы «Достық» орденіне, Моңғолия Ұлы Мемлекеттік Хуралының бұрынғы депутаты, саясаткер, ұлт жанашыры – Тілейхан Әлмәлікұлы және Моңғолияның Еңбек және әлеуметтік қорғау вице-министрі, ғалым, PhD докторы – Зүлфикар Саркытұлы «Шапағат» медаліне ие болды.

Ал Моңғолия Ұлы Мемлекеттік Хуралының мүшесі, «Баян-Өлгийдің Ұлан-Батыр қаласындағы Жерлестер алқасы» үкіметтік емес ұйымының төрағасы – Әубәкір Тілеуханұлы; Моңғолия Ұлы Мемлекеттік Хуралының депутаты – Бейсен Бұлғанұлы; Моңғолияның халық дәрігері, қазақ тілінің жанашыры – Асай Рәмішұлы; Медицина ғылымдарының докторы, профессор, атакты нейрохирург, Моңғолияның халық дәрігері – Нота Әнуарұлы; «Арулар» әйелдер одағының төрайымы – Айнагүл Сарайқызы; ақын, аудармашы, Моңғолиядағы қазақ жастарын қолдаушы – Байыт Кабанұлы; «Алаш Моңғолия» бейресми ұйымының төрағасы, Ұлан-Батыр қаласында домбыра үйренсін ұйымдастырушы – Оразбек Сейтахметұлы; Моңғолиядағы Мұсылман қоғамының төрағасы, Моңғолия Президентінің жанындағы Діни кеңес мүшесі және Моңғолиядағы қазақ жастарын Қазақстанның жоғары оқу орындарына түсіну тұрақты қолғабы көрсетуші – Батырбек Хадисұлы Қазақстан Республикасы Президентінің Төс белгісімен және Алғыс хатымен марапатталды.

Атырау облысында балықты аулау ғана емес, оны өсіріп, өңдеу жолында қарқынды жұмыстар жүріп жатыр.

Мысалы, жақында Құрманғазы ауданындағы «Каспий-Балық» өндірістік кооперативі балық өңдеу цехын іске қосты. Қосымша құрылыс жұмыстары да жүріп жатыр. Бастысы, зауыт заман талабына толық жауап беретін құралдармен жабдықталған.

Баида ауылдық округіндегі Перевалочный учаскесінде іске қосылған нысан инвестиция есебінен жүзеге асырылып отыр.

Аумағы 2 500 шаршы метрді құрайтын цехтың қуаты бір мезгілде 30 тонна балықты қабылдауға жетеді. Мұнда әрқайсысының сыйымдылығы 15 тонналық 5 мұздатқыш камера, 400 тонналық бір балық сақтау орны бар. Өндірістік цехқа жан-жақтағы ауылдардың тұрғындары жұмысқа тартылған.

«Каспий-Балық» ӨК бас инженері Тілеккабыл Жәкеевтің айтуынша, ауланған балықтар су көліктерімен осы цехқа тасылды. Арнайы жәшіктерге салынып, мұздатылып, белгіленген орындарда сақталады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың балықты өңдеу мәселесіне қатысты нақты тапсырмалар бергені белгілі. Біздің цехымызда балық шикізат күйінде емес, өңделген соң ғана экспортқа шығарылады», — дейді спикер Тілеккабыл Жәкеев.

Қазіргі уақытта аталған «Каспий-Балық» өндірістік кооперативі Құрманғазы ауданының Бірлік ауылындағы «Қызыл-оба» жерінен жанадан балық өңдеу цехын салып жатыр. Цех құрылысы Ресей елінің Нижний-Новгород қаласындағы «Атлант-лайн» ашық акционерлік қоғамымен серіктестікте жүзеге асырылуда.

БЕРІСІ – РЕСЕЙ, ӘРІСІ – ФРАНЦИЯ

Атырау облыстық балық шаруашылығы басқармасының басшысы Артур Сәдібекұлының айтуынша, қазір балық өнімдерін



терең өңдеумен тек бір ғана «Амангелді» ЖШС айналысады.

Терең өңдеу дегеннен шығады, «Амангелді» кәсіпорнында бүгінде шаруашылық жұмыстары нәтижелі жүріп жатыр. Жыл басынан бері кәсіпорын 330 тонна көлемінде балық өнімін шығарған.

Каспий теңізі мен Жайық және Қиғаш өзендерінде кәсіпшілік балық аулау мен балық өнімдерін кең ассортиментте шығаратын ең ірі мекеме саналатын «Амангелді» кәсіпорны жыл басынан бері 241 тонна балықты шет мемлекеттерге экспорттап, 89 тонна балықты ішкі нарыққа сатылымға шығарды. Былтыр балықтың 2 512 тоннадай өнімі өндіріліп, 730 тоннасы өзге елге экспортталса, 1 782 тоннасы ел аумағында сатылған.

Кәсіпорында қазір балық аулаумен 1 100 адам айналысып жатыр. Ал балық өңдеу цехтары мен мекеме әкімшілігінде 400 адам, жалпы алғанда мекеме бойынша 1 500 адам қызмет етуде.

Қазіргі таңда «Амангелді» кәсіпорнына қарасты компаниялар тобында Атырау облысы бойынша теңізден және өзендерден балық қабылдайтын екі ірі аймақ пен балық өңдеу дайын өнім шығаруға арналған бір зауыт және екі цех бар. Сонымен қатар мекеме өз кәсіби қызметін атқаруға арналған 20 шағын кеме мен 6 теплоходпен қамтылған.

Атырау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Азамат Әлібаевтың айтуынша, өткен жылдың II жартыжыл-

лығы мен осы жылдың I жартыжылдығында барлығы 4 501 тонна балық ауланды.

«Одан 2,5 мың тонна салқындалатын балық, 300 тонна балық еті, 350 тонна ысталған, 200 тонна қақталған балық өнімдері шығарылды. Шығарылған дайын балық өнімдері Атырау қаласы бойынша 28 сауда нүктесінде сатылып жатыр. Қазіргі күні дайын балық өнімдері Қазақстанның батыс өңірлеріне жеткізіліп, шет елдерге жіберіледі. Оның ішінде Ресей, Әзербайжан, Украина, Германия, Польша, Румыния, Франция, Латвия, Грузия, Израиль елдеріне экспортталады», — деді А. Әлібаев.

БЕКІРЕ ӨСІРУ ЗАУЫТТАРЫ МОДЕРНИЗАЦИЯДАН ӨТЕДІ

Былтыр бекіре өсіру зауыттарын біріктіру жолымен қуатын арттыру жөнінде қаулы шықты. Қазіргі уақытта тиісті министрлікте жобалық-сметалық құжат дайындалып жатыр. Келесі жылы бекіре өсіру зауыттарын модернизациялау басталады. Жоспар бойынша қос зауыт та 80 пайызға жанартылады деп күтілуде.

Атырау облыстық балық шаруашылығы басқармасының басшысы Артур Сәдібекұлының айтуынша, зауыттар модернизациядан өткен кезде балықты ұрықтандырудан бастап, өзенге жіберуге дейінгі процесс толықтай автоматтандырылады. «Ал қуатын 12 миллионға жеткізу жоспарланып отыр. Махамбет ауданында қосымша бекіре шабақтарын өсіру бағытында жана нысан ашылады. Оған жергілікті қазынадан 1 миллион 200 мың теңге қаралады.

Сонымен бірге, Құрманғазы ауданындағы «Каспийфиш» ЖШС-іне тиесілі Шортанбай балық өңдеу зауыты толық модернизациядан өтеді. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 11 миллиард 600 миллион теңге қаралған деді Артур Сәдібекұлы.

Еске сала кетелік, қазіргі уақытта Атырау облысы бойынша 19 субъект кәсіптік балық аулаумен айналысуда. Оның ішінде, төртеуі тауарлы балық өсіруді қолға алған.

«2021 жылы «Шағала – Атырау» кәсіптік балық аулау субъектісі тіркелген болатын. Былтыр балық аулап, әрі өсірумен айналысатын «Сағиева» мен «Тілекші» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері іске қосылды. Бүгінде «Сағиева» серіктестігі өзі өсірген 30 мың тонна шабақты тоғанға жіберіп отыр. Оның 5 мың тоннасы — бекіре, қалғаны — қара балық. Ал «Тілекші» техникалық тоғанда тұқы балығын өсіріп жатыр. Егер бекіре бес жылда өнім берсе, тұқы екі жылда екі-үш келі жинап, тауарлы балыққа айналады» дейді Атырау облыстық балық шаруашылығы басқармасының басшысы Артур Сәдібекұлы.

Қазіргі уақытта осындай ірі шаруашылықтың Махамбет пен Құрманғазы аудандарында үшеуі, облыс орталығында екеуі бар.

Былтыр Жайық-Каспий бассейні бойынша 15 мың тоннаға жуық балық ауланған. Оның 13 мың тоннасы өңделген. 7,5 мың тонна өңделген балық алыс-жақын елдерге экспортталған. Ерекше атап өтерлігі, биыл ішкі нарықта Атырауда өндірілген балыққа ел ішіндегі сұраныс айтарлықтай артқан. Атырауда өңделген бренд осылайша, ішкі-сыртқы нарықтың сұранысын қамтамасыз етіп жатыр.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

АРАЛДАҒЫ ОАЗИС ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚТАН ҚҰТҚАРА МА?



Соңғы күндері Арал теңізінің құрғаған ұлтанынан су шыққаны жайында жиі айтылып жүр. Тіпті, Сәтбаев университетінің гидролог ғалымдары теңіз астындағы тіршілік нәрінің тұщы екенін, Арал аумағын жасыл желекке бөлеуге зор мүмкіндік туып отырғанын алға тартты.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Жалпы бүгінде Арал теңізі аймағы құрғақшылықтың құрсауында қалып, экологиялық зардабы артып, тіршілігі тұралап тұр. Ала жаздай шанды бораннан көз ашпайтын өңір халқының басты арманы — теңізінен қайта қауышып, атакәсібін дөңселетіп, берекелі тұрмыс кешу. Дейтұрғанмен, экологиялық ахуалы күн санап төмендеп келе жатқан Аралдың болашағы бұлдыңғы тарта бастаған. Бірнеше жыл бұрын көктен бір тамшы жауын тамбай, құрғақшылық белең алып, қуаншылықтан төрт түліктің жаппай қырылғаны ел есінде. Ал соңғы жылдары өңірде теңіз байлығының тапшылығы сезіліп, балық шаруашылығынан береке қашқаны жиі айтыла бастады.

Жуырда ақпарат көздерінен Аралдың құрғаған ұлтанынан су шығып, егінжай мен мал шаруашылығын өркендетуге мүмкіндік арта түскені жердегі есті. Жағымды жаңалық, жергілікті жұртшылықтың үзілген үмітіне қайта сенім ұялатқандай болды.

Дерекке сүйенсек, Арал маңынан бұған дейін де мөлдір бұлақтың көзі табылғаны мәлім. Соның айғағындай, Арал ауданына қарасты Ақеспе елді мекенінен 1200 метр тереңдіктен мөлдір, ашы, 62 градуустағы ыстық су шығып, ел игілігіне емдік мақсатта пайдалануға берілген болатын. Бұдан өзге, Қасқақұландығы тұщы су «Барсақалмес» қорығында мекендейтін аң-құсқа нәр сыйлағаны да белгілі. Сонымен қатар 2019 жылы Қарақалпақстан елінің Мойнақ ауданы орталығынан 230 шақырым жердегі Арал теңізінің кеуіп қалған табанынан су шыққаны да жария болған еді. Соған орай экологтар теңіз астында мол судың қоры болуы мүмкін деген тұжырымға келіп отыр.

Бұл жолы теңіз ұлтанын қогалдандыру және суландыру мақсатында Қаратерен ауылдық округінен 50 шақырым жерден су ұңғымасын қазу жұмыстарын американдық Юсайд (USAID) және Халықаралық Аралды құтқару қорымен бірлесіп атқарған. Осы орайда Аралды құтқару қорына арнайы хабарласып, мән-жайды білмекке тырыстық.

дейді. Жерасты суы шөлді аймақта өсіріліп жатқан жануарларды құрғақшылықтан зардабынан құтқаруға сеп болатынын алға тартады.

«Жалпы бұл пилоттық жоба аясында теңіз ұлтанынан оазис жасап жатырмыз. Ал оған бірінші кезекте су қажет екені белгілі. Барлығы өзіміз жоспарлағандай жүріп жатыр. Теңіз астынан су шықты. Тіршілік нәрі ұңғымадан үлкен қысыммен атқылап жатыр. Бүгінде осы жерасты суын сексеуіл егілген аумаққа арықпен ағызып қойдық. Жуырда өзін Арал ауданында арнайы болып, осындай атқарылған жұмыстарды көзбен көріп қайттым. Бәрі де жоспарға сай жүргізілуде. Алдағы уақытта осы жерасты суы арқылы шағын көлшіктер жасауды да мақсат тұтып отырмыз. Сол арқылы аң-құстар мен үй жануарлары су ішеді. Сондай-ақ жайылымдық жерлерге нәр беріп, мал азығының молаюына да мүмкіндік ашатын болады. Осы орайда дүниежүзілік банкпен тағы бір жобаның техникалық негіздемесі жасалып жатқанын айта кеткім келеді. Соның аясында қосымша тағы үш жерден дәл осындай ұңғыма жұмыстарын жүргізу межеленуде», — деп ойын сабақтады қор директоры.

Халықаралық қор директоры кезекті жоба бойынша Аралдың шығыс бетіне егілген сексеуілдерді суару үшін қосымша ұңғымалар қазу жоспарланып отырғанын мәлімдеді. Осындай жобалардың жалпы құны 300 мың АҚШ доллары болатынын алға тартты. Сонымен қатар көршілес Әзербайжан еліндегі мамандар да жерасты суын шығару үшін ұңғыма қазуға кіріскелі жатқанын да жеткізді.

Ендігі кезекте еліміздегі Сәтбаев пен Назарбаев университеттері бірлесіп, жерасты суының пайда болу кезеңін өлшеу жұмыстарын қолға алмақшы екен. Осындай зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ұңғыма арқылы жерасты суларын көптеп пайдалану көзделіп отыр.

Ең бастысы, Халықаралық Аралды құтқару қоры тарапынан құрғаған теңіз табанын қогалды алқапқа айналдырып, тұрғылықты халықтың тұрмысын арттыруға негіз болатын игі жобаларды қолға алып отырғанын мәлімдеді. Бұл тіршілік нәріне шөлдіреген жұртшылықтың ата кәсібімен қайта қауышуына жол ашатын берекелі бастама болатынына сеніммен қараймыз.

Қызылорда облысы



Тараз қаласында ашылған Zerbulaq мәдени-сауықтыру демалыс аймағы талайды тамсандырып келеді. Орта Азияда баламасы жоқ деп балаған кешенге бүгінде ағылған жұрттың қарасы қалың. Балалардың бірі биіктен су сырғымасынан сырғыса, үлкендер теңіздегідей жасанды толқыны бар бассейнде тынығуда.

ТАРАЗДАҒЫ ТЕҢДЕССІЗ ЖОБА



Саятхан САТЫЛҒАН

Жалпы ауқымды жоба өңір туризмін дамыту бағдарламасы шеңберінде қолға алынған. Құны 1,2 миллиард теңге болатын демалыс аймағы 1,9 гектар аумақты алып жатыр. Сыйымдылығы бір мезетте 4000 адамды қамтуға қауқарлы. South Holiday ЖШС-нің басшысы Айбек Оршубековтің айтуынша, Орталық Азиядағы ірі аквапарктердің бірі саналатын бұл кешенде алдағы уақытта бес жұлдызды қонақ үйі, ойын-сауық және өзге де сервистік орталықтар іске қосылмақ.

— Бұл — құрылыстың бірінші кезеңі ғана. Қазіргі өзінде кешенде төрт бассейн, түрлі өткеншектер, биіктен сырғитын сырғымас сияқты орындар жұмыс жасап тұр. Қондырғының барлығы түрік елінен әкелінген. Қауіпсіздігі өте жоғары. Бассейндегі су халықаралық стандартқа сай келеді. Әрбір екі сағат сайын ауыстырылып тұрады.

Енді екінші және үшінші кезеңде сервистік кластерімізді дамытамыз. Бес жұлдызды қонақ үйлер мен түрлі тынығу орындары келушілерге қызмет көрсететін болады, — дейді South Holiday ЖШС-нің басшысы Айбек Оршубеков.

Кешенде демалу құны ересектерге 5 мың, балаларға 4 мың теңге болып белгіленген. Алайда бұл бағаны қымбатсынғандар алғашқы күннен ішкі қынжылыстарын білдірді.

«Бағасы ұшып тұр. Бес мың теңгені біздің қалта көтермейді. 2000–2500 теңге көлеміндегі ортақ бағаға келу керек. Ойланғыз, бір отбасыда 4–5 бала бар болса, 20–25 мың ақша шығады. Бала болғасын ішке кіргенде «су — пу», «оны-мұны» ішіп-жегісі келеді. Оған тағы 10–15 мың қосыңыз. Сонда бір отбасынан аквапаркке бір барып қайту құны 50–55 мың теңгеге шығып кетеді. Сондықтан бағаны халықтың қалтасы көтеретіндей қылған жөн. Және көпбалалы отбасылар үшін 50 пайыздық, тіпті «Алтын алқа»

мен «Күміс алқа» аналардың балалары үшін тегін жасаса, нұр үстіне нұр болады», — деп өнер қайраткері Асқарбек Сейілханов әлеуметтік желіде өз ойын білдірді.

Алайда бұл ойын бәрі бірдей келісіп отырған жоқ. Бұл тараздықтар үшін жасалған теңдессіз тарту дейтіндер бар.

— Тараз қаласында «Зербұлақ» мәдени-сауықтыру отбасылық демалыс аймағының пайдалануға берілгені шаһар тұрғындары үшін теңдессіз тарту болғаны анық. Халықаралық деңгейдегі кешен туризмді дамыту бағытына жасалған үлкен қадам болып отыр.

Ауқымды жобаның құны — 1,2 миллиард теңге, кешен бір мезетте 4000 адамды қамтуға қауқарлы екені қуантуды. Себебі мұнда үлкендерден бастап, балаларға арналған түрлі өткеншектер мен толқынды бассейн секілді заманауи құрылғылар қызмет көрсетуде. Бұл өз кезегінде қала тұрғындары мен қонақтарының еркін демалуына бар мүмкіндікті туғызып отыр.

Шыны керек, бұрын отбасымен демалу үшін Алматы немесе Шымкент қаласындағы демалыс орындарына көз тігіп, аңсарымыз ауып отыратын. Енді міне, өз қаламызда осындай теңдессіз кешеннің ашылуы көне шаһарымыз дамудың даңғыл жолына түскенін айғақтауда, — дейді қала тұрғыны Гүлнар Қаримсақова.

Тараз қаласының әкімі Бакытжан Орынбеков те шаһарда 26 бассейн бар екенін, тұрғындар теңгесіне қарай өз таңдауын жасай алатынын айтады. Десе де «Зербұлақ» демалыс аймағына келушілердің қарасы үзілмей тұр. Онлайн түрінде түске дейін 2000, түстен кейін 2000 адам билет сатып алып жатқанын кешен әкімшілігі айтып отыр. Әзірге бұл демалыс аймағының бірінші кезеңі ғана екенін ескерсек, құрылыс жұмыстары толықтай аяқталғанда «Зербұлаққа» ағылған жұртта есеп болмайтыны анық.

Жамбыл облысы

Ұлыбританияда өтіп жатқан теннистен Уимблдон–2023 турнирінің үшінші айналымында еліміздің бірінші ракеткасы Елена Рыбакина жеңіске жетті.

Елена елді қуантты



Былтырғы чемпион атағын қорғап жатқан қазақстандық спортшы қарсыласы Ұлыбританияның 1-ракеткасы Кэти Бултерден басым түсті, екі сет бойынша есеп: 6:1, 6:1. Бұл қос спортшының алғашқы кездесуі еді. К.Бултер өз елінде өнер көрсетіп жатқандықтан бұл матчта бар өнерін көрсететіні әрі жергілікті жанкүйерлердің оны жақтайтыны түсінікті болатын. Лондонда тағы да жанбыр жауғандықтан, орталық корттағы матч уақытынан кешігіп басталды. Бірінші партияда брейк жасаған Елена 3:1 есебімен алғашықты. Тағы бір брейк – 5:1. Сосын өз геймін қиналмай алды – 6:1. Қазақстандық теннисші екінші сетті де брейкпен бастады – 2:0. Ақыры, матчты кезекті брейкпен тәмамдады – 6:1. 56 минутқа созылған бәсекеде Рыбакина 7 эйспут бірге 7 брейкпойнттың бесеуін өз есебіне жазды. Ал оның британдық қарсыласы ойын барысында брейк-пойнтқа бірде-бір рет жете алмады.

Әлемнің 3-ракеткасы спорт басылымдарына Уимблдонның 1/16 финалындағы жеңісі туралы пікір білдіріп, бұл ойынға көңілі толғанып айтты.

«Бұл айналымда басынан аяғына дейін белсенді әрі сенімді ойнадым. Қарқынды матч болды. Сондықтан ойын көңілімнен шықты. Келесі қарсыласым өте мықты ойыншы. Бірнеше рет кортта кездескенбіз. Беатрис Хаддал-Майяның әртүрлі ойын айналымы бар, сақ ойнайды. Ол да солақай болғандықтан, жеңіс онайға түспейін деп тұр. Тартысты бәсеке болатыны анық. Қолымнан келгенін бәрін жасап, ойынға жақсы дайындықпен шығуға тырысамын. Биылғы нәтижелерім өте жақсы, Аустралияда «Үлкен дулыға» турнирінің финалына дейін жеттім. Әрине, мұнда да жеңіске жеткім келеді. Басты мақсатым – осы, оның калай жүзеге асатынын көреміз», – деді теннисші.

Айта кетейік, Елена Рыбакина жеке-лей сында америкалық Шелби Роджерсті

(49-орын) 4:6, 6:1, 6:2, француздық Ализе Корнені (74-орын) 6:2, 7:6 және британдық Кэти Бултерді (89-орын) 6:1, 6:1 есебімен жеңіп, 240 мың еуро көлемінде жүлде алды.

Елена Уимблдон алаңында осымен оныншы рет жеңіске жетіп отыр. Былтыр аталмыш турнирдің чемпионы атанған теннисші жеті рет өзгеден оза шауып, жеңісті ойын көрсеткен еді. Ал биыл үш кездесуін өз пайдасына аяқтады. Рыбакинаның былтырғы Уимблдонның финалында тунистік Онс Жаберді ұтып, чемпион атанғаны белгілі. Биылғы жеңісінен де үміт зор.

Бет қатталып жатқанда: Елена Рыбакина 1/8 финалдағы бәсекесін өткізіп, ширек финалға өтті. Оның қарсыласы – WTA әлемдік рейтингінде 13-орында тұрған бразилиялық Беатрис Хаддал-Майя ойынды соңына дейін жеткізе алмады. Матчтың төртінші ойынынан кейін Беатрис денсаулығы сыр бергенін айтып, медициналық үзіліс алды. Физиотерапевтің тексерісінен кейін ойынды жалғастыруға тырысып бақты. «Беатрис көзіне жас алды, ойынды жалғастырып жатыр. Жеңіс үшін соңына дейін күресуде», – деді тікелей эфирде матч комментаторы. Алайда бұл соңғы гейм болды, 4:1 есебімен жеңіс қазақстандық спортшының пайдасына тиді. Е.Рыбакина үшін бразилиялық теннисші өте қолайсыз қарсылас еді. Бұл екі теннисші биыл қос кездесу өткізген еді. Абу-Дабидегі (БАӘ) жарыста Беатрис үш партияда басым түсті: 3:6, 6:3, 6:2, ал Штутгарттағы (Германия) долада қазақстандық спортшы 6:1, 3:1 есебімен басым тұрғанда, бәсекені жалғастырудан бас тартты. Әлемдік БАҚ өкілдері осы көрсеткіштерді алға тартып, Хаддал-Майяға жеңіс тілеген еді. Десе де, қазақстандық спортшының жолы болды.

Асыл ТҰМАР

ТОЛАҒАЙЛАР «ТОЛАҒАЙДА» САЙЫСТЫ

Елордада алғаш рет қаланың 25 жылдығына орай «Толағай» алыптар сайысы өтті. Бұл жобаның басты мақсаты – батырлардың өнерін насихаттап, халқымыздың этно-ойындарын дәріптеу. Сайысқа еліміздің әр өңірінен 15 спортшы қатысып, өз бақтарын сынады.



Шараның ашылу салтанатына Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Дәулет Тұрлыханов, Қазыбек Иса және «Толағай» алыптар сайысының авторы Темір Спатаев қатысып қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Еңселі елордамыздың 25 жылдығына орай ұйымдастырылып жатқан «Толағай» алыптар сайысының ашық турнирінде өздеріңізді көргеніме қуаныштымын! «Толағай» алыптар сайысы – бұл салауатты өмір салтын насихаттайтын көпсайысты турнир. Ерекше жоба алғаш рет 2022 жылы Жер жәнаты Жетісу облысының Жаркент төрінде жүзеге асқан еді. Бүгін Қазақстанның елордасы Астана қаласында өткізіліп отыр. Қажымұқанның ізбасарлары күш сынасатын долада ең мықтылар жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектеспін. Тамаша спорттық мерекенің куәгері болайық. Баршамызға қала күні құтты болсын! – деді қала әкімінің орынбасары Есет Байкен.

Сайысқа қатысушылар 1,5 м ұзындықтағы темірді мойынға салып майыстыру, салмағы 140 келілік тасты межелі қашықтыққа дейін апару, 100 келіден асатын ауыр бө-

ренені желкеге салып отырып-түру, жарты тонналық арбаны сүйреу, он келілік найзаны қашықтыққа лақтыру секілді ерекше сайыс түрлері бойынша сынға түсті. Аталған сынақтардың қорытындысы бойынша 120 ұпаймен Шымкент қаласының тумасы Әділет Нұрғиса III орын алып, 400 000 теңге қаржылай сыйлық алды. 122 ұпай санымен Қонаев қаласының спортшысы Фаид Тенгизбаев жүлделі екінші орынға ие болып, 600 000 теңге қаржылай сыйлық ұтып алды. Ол «Толағай» алыптар сайысының жеңімпазы Түркістандық Азамат Мақұлбековке бұйырып, 1 млн теңгені қанжығалады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл доданы жыл сайын өткізу жоспарлануда.

– Жасы 18-ге толған, салмағы 90 келіден асатын, өзі сондай біртуар, өз күшіне сенген жігіттер келіп қатыса алады. Мұндағы мақсат – бұрынғы ата жолымызды жалғастырып, күшті жігіттер өзара осындай сайыстар ұйымдастыру дәстүрі болған, – деді қалалық Денешынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Еркеғали Қорбозов.

Жанель ҚҰТТЫБАЙ

«ҚАЗАҚ ЖӘДІГЕРЛЕРІ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ ӨТТІ



Елорданың 25 жылдығына орай «Наз» мемлекеттік би театрының «Қазақ жәдігерлері» атты мерекелік концертті болды. Басты мақсаты – ұлттық құндылықтарымызды хореография тілінде ұсыну.

«Наз» мемлекеттік би театры елордамыз Астанаға көшкеннен кейін құрылды. Сол уақыттан бері театр Астана қаласымен бірге дамып келеді. «Наз» мемлекеттік би театры түрлі би додаларында Қазақстанды шет мемлекеттерге танытуда. Театр репертуары арқылы көптеген шетелдік көрермендер халқымыздың музыкасы мен этнографиясын, фольклоры мен қазақ биі өнерінің ерекшелігін таныды. Концертте қазақтың салт-дәстүрін танытатын «Тұсау-

кесер», «Сүйінші», «Секіртпе», «Қайым айтыс», «Көңілашар» секілді ерекше қойылымдар қойылды. Қазақ жігіттерінің батырлығын, өрлігін, сипаттайтын «Тау ұлы» да концертке жиналған қауымның көңілінен шыға білді. Ал қазақ қызының нәзіктігін, сұлулығын паш ететін «Назбике», «Інкар сезім», «Ақсу», «Серпін» билері де көрермендердің ерекше назарына ие болды. Атаулы концертте театр ансамблі халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Батима Изнаева, Зағипа Иманғазиева, Айсултан Басықара ән шырқады. Көрерменді би өнері арқылы ұлттық мәдениетке, эстетикаға, сұлулыққа, ұлттық рухты көтеруге арналған.

Жанель БАЙМАХАН

АЗИЯНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛҚЫЛАНАДЫ

Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының ұйымдастыруымен Астана қаласында Орталық Азиядағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық форумы өтеді. Әлемнің 25 елінен келген танымал зиялы қауым өкілдері осы жиында бас қосады.

13-14 шілде аралығында «Өзгермелі әлемдегі Азия: болашақтың күн тәртібі» тақырыбында Орталық Азия форумы өтеді. Іс-шара – Мюнхен қауіпсіздік конференциясы, IISS-Shangri La Dialogue, Raisina Dialogue, Примаков оқулары және Астана Халықаралық форумы сияқты жыл сайынғы алаңдардың жаһандық экожүйесінің бір бөлігі. Форум әлемнің жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарының мамандары мен саясаттанушылардың диалогы форматында өрбиді. Жиын Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп ұйымдастырылады.

Әлем бұрын-соңды болмаған күрделі геосаяси өзгерістердің алдында тұр. Үдемелі сипаттағы жаһандану аясында аймақтандырудың жаңа форматтары қатар артып келеді. Мұның бәрі қауіпсіздік архитектурасын қоса алғанда, халықаралық қатынастардың жаңа ережелері мен тетіктерін орнатуға бәсекелестіктің күшеюін тудырады. Бұл тұрғыда Азия саяси және геэкономикалық тартымдылықтың негізгі орталығы

мәртебесіне ие болады. Сондықтан Қауіпсіздік және ынтымақтастық форумы «Өзгермелі әлемдегі Азия: болашақтың күн тәртібі» тақырыбына арналады.

Пікірталас тақырыптары: «Азияның жаһандық қауіпсіздігі: болашақ мүмкіндіктері», «Еуразияның жаңа континенттік өзара байланыстылығы: орта дәліз және интеграция диалогы», «Инновациялар мен «ақыл-ой» үшін жаһандық бәсекелестік: жаңа технологиялар, жасанды интеллект және адами капитал және т.б. Жапония, Қытай, АҚШ, Үндістан, Сингапур, Ресей, Түркия және өзге елдердің өкілдерінің форумға қатысады деп жоспарланып отыр. Спикерлер қатарында БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Контртеррористік басқармасының басшысы Владимир Воронков, Еуропалық Одақтың Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Терхи Хакала, Жапонияның Ұлттық саяси зерттеулер институтының вице-президенті Нарушиге Мишишита, Сыртқы істер министрінің орынбасары, Иран СІМ Саяси және халықаралық зерттеулер институтының президенті Мухаммад Хасан Шейх Әл Ислами, Катардағы Джорджтаун университетінің мемлекеттік саясат профессоры, Араб зерттеулер және саяси зерттеулер орталығының ирандық зерттеулер бөлімінің бастығы Мехран Камрава және басқалар бар.



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Бөтағөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН –
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемедер үшін – 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4323
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114